



ЕСЕП НАҚТЫ,
УӘДЕ БЕРІК
БОЛСЫН

2-бет



ГЛЮКОМЕТРДІ
КІМ ҚАДАҒАЛАЙДЫ?

3-бет



ТЕКЕЛІМ –
ҚАСИЕТТІ МЕКЕНІМ

14-бет

ҚАЗАҚҰНИ20

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni2000@gmail.com

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№8 (878), 24 ақпан, 2020 жыл

КӘСІПКЕРЛЕРДІ ТАҚЫРҒА ОТЫРҒЫЗУ КІМГЕ КЕРЕК?

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ А.А.СМАИЛОВҚА
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАС ПРОКУРОРЫ Ғ.Д.НҰРДӘУЛЕТОВКЕ



Жүздеген адамды жұмыспен қамтып, миллиондап салық төлеп отырған кәсіпкерді тақырға отырғызу кімге керек? «Ақ жол» Қаржы министрлігінен мәмілелердің жалған сипатының объективті критерийлері әзірленгенге дейін мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы сот ісін жүргізуді тоқтата тұруды сұрайды», – деді Ерлан Барлыбаев өзінің парламенттік сауалында. Күн сайын «Ақ жол» демократиялық партиясына республиканың әртүрлі аймақтарындағы мәмілелерді жарамсыз деп тану бойынша негізсіз санкцияларға ұшыраған көптеген кәсіпкерлер жүгінуде. Қосымша төлемдер сомасы бірнеше миллионнан бірнеше миллиард теңгеге дейін жетіп, бұл кәсіпорындардың қызметіне нұқсан келтіріп қана қоймай, олардың толық банкротқа ұшырауына әкеп соғуда.

3
бет



ҰЛТ ӨНЕРІН ҰЛЫҚТАҒАН

...Қазақ ұлтының нағыз ұландары – есін білгеннен бастап, егделеніп бақиға аттанғанға дейін ата-бабалар қалыптастырған ұлы қазыналарды, салт-дәстүрлерді, рухани құндылықтарды көзінің қарашағындай сақтап, ұрпақтардың жадына сіңіріп, кейінілерге аманат етумен келеді. Қазақтың ұлттық тарихындағы рухани құндылықтарды ұлықтау дәстүрін дамыта жалғастырып келе жатқан сондай ұлдарымыздың – ұландарымыздың бірі – Берік Жүсіпов.

8-9
бет

ӘДІЛЕТСІЗ СОТ ӘБІШЕВТІ 5 ЖЫЛҒА СОТТАДЫ «ШЫНДЫҚТЫ АЙТҚАН ЖАМПОЗОВҚА БЕРЕТІН ЖЫЛДАРЫҢДЫ МЕНІҢ 5 ЖЫЛЫМА ҚОСЫП БЕРІҢДЕР!»

5
бет

ООН: В СУАР лишены свободы около миллиона человек

Исторически территория Восточного Туркестана с давнего периода заселена уйгурами; Цинская династия покорила Восточный Туркестан в 1759 г. Весь XIX в. характеризуется многочисленными национально-освободительными восстаниями уйгуров за независимость. В 30-40 гг. XX в. эти земли также были охвачены выступлениями, восстаниями.



АЛПЫС ДЕГЕН АСҚАР БЕЛ КЕЛДІ АСУЫҢ!

Тұлғасына қарасаң батыр дерсің,
Жырласына қарасаң ақын дерсің.
Ақыл, қайрат, парасат қосылған соң,
Бір басына қарасаң хақім дерсің!

16
бет

БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫНА ҚОЛДАУ ҚАЖЕТ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дәурен Абаевты қабылдады. Президентке мемлекеттің ақпараттық саясатының тетіктерін жетілдіру, азаматтық қоғаммен ықпалдастықты нығайту, жастардың бастамалары мен жобаларына қолдау, диаспоралық және діни саясат бағытында жоспарланған шаралар туралы баяндалды.



Қасым-Жомарт Тоқаев Волонтер жылының тиімді өткізілуіне, еріктілерге қолдау көрсетудің нақты институттарын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлуді тапсырды. Мемлекет басшысы «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыруға азаматтық қоғамды тартудың, «Ашық Үкімет» қағидаттарын дамытудың маңызы зор екенін айтты. Сонымен қатар Президент қазақстандық масс-

медианы қолдауға бағытталған нақты шаралар қабылдау жөнінде тапсырма берді.

Мемлекет басшысының осы айтылған тапсырмасын БАҚ өкілдері көптен күткенді. Бүгінгі күні ашық, нақты ақпарат таратудың маңызы өте зор. Негізсіз, кейде жалған ақпарат бұқараны адастырып, жарға жығуы мүмкін. Сондықтан, бұл салаға баса мән беріп, табанынан тозып жүгіріп жүретін журналистер үшін ақпарат

алу барынша қолжетімді болғаны жөн. Ол үшін кез-келген ұйым, әсіресе, мемлекеттік органдар қолындағы ақпаратты ешқандай кедергісіз ұсынуға міндеттелуі керек.

Екінші, журналистер қауымы заңдық жағынан ғана емес, әлеуметтік тұрмыстық жағынан да қорғалмаған. Олардың дәрігерлер мұғалімдер немесе басқа мамандық иелері сияқты мемлекеттік не қоғамдық мәртебесі анықталмаған.

ЕСЕП НАҚТЫ, УӘДЕ БЕРІК БОЛСЫН

Әдеттегідей елімізде түрлі деңгейдегі әкімдердің тұрғындардың алдында есеп беру науқаны қызу жүріп жатыр. Аудандарды айтпағанда, қаршында қалған сұрақтар астында қалған елорда әкімі А.Көліновтен кейін кезек Алматы қаласы әкімі Б.Сағынтаевқа да жетті.



Бақытжан Сағынтаевтың баяндамасын тыңдап, көкейкесті сұрақтарын қоюға алматылықтар таң атпай «Халық арена» спорт кешеніне ағылды. Үш мың адамға арналған кешен әп-сәтте лық толды. 2019 жылы жеткен жетістіктер баяндалатын бейне-роликті жиналғандармен бірге көрген Алматы әкімі өзге әріптестері сияқты сағаттап баяндама оқымай, тек алға қойған жоспарларға қысқаша

тоқталды. Мәселен, жұмыс істейтін жастар баспамен қамтылмақ. Ол үшін жана тұрғын үй бағдарламасы да іске қосылмақшы. Бақытжан Сағынтаевтың айтуынша, енді 35 жасқа дейінгі азаматтар 13 млн. теңгеге дейінгі несиені жылдық 5% жеңілдікпен ала алады. Алып шаһарда көпқабатты үйлерді салатын жер мәселесі де өзекті. Бұл рет-

те Сағынтаев әуежай аумағындағы 383 гектар жер қала меншігіне қайтарылғанын жеткізді. Әкімдік шеткі аудандарды түгел көгілдір отынмен қамтамасыз етуге Халық банкпен келісімге келіпті. Енді тұрғындар аталымш банктен газ тарту үшін пайызсыз несие ала алады. Әкім жыр болған Абай көшесін ұзарту жұмысы жыл соңына дейін аяқталады деді. Ал жол бойында тұрған жер учаскілері мен коммерциялық нысандарға 150 миллион теңгеге дейін өтемақы төленуі тиіс. Үш сағатқа созылған кездесуде шаһар басшысы жыл сайын жұрттың үрейін ұшырататын селге тосқауыл болатын екі бөгет салынатынын жеткізді. Сондай-ақ, Сағынтаев қоғамдық көліктерді жаңартып, жаңа бағыттар ашуға қала қазынасынан 40 млрд. теңге бөлінетінін айтты.

«БӘЙТЕРЕК» ШТАТЫ ҚЫСҚАРДЫ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қаңтарда өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында ұлттық компаниялар мен холдингтердің жұмысына айтылған сыннан соң, «Бәйтерек» ұлттық басқару холдингі өз құрылымын онтайландыруды бастады.

«Мемлекет басшысының сыны орынды. Онтайландыру мәселесін холдингтің тұрғын-үй блогынан бастадық. Енді бес оператордың екеуі ғана қалады. Бұл жалпы және әкімшілік шығындарды онтайландыруға, үш компанияның штат санын қысқартуға мүмкіндік береді. Бәк-кенсеге жауапты департаменттер – есепшілер, заңгерлер қысқартылып, үшеуіне ортақ бір-бір департаменттен қалады», – деді «Бәйтерек» ҰБХ Басқарма төрағасының орынбасары Әнуар Омарқожаев Орталық коммуникациялар қызметінде. Оның айтуынша, биыл «Бәйтерек» жалпы және әкімшілік шығындарды 5,9 млрд. теңгеге, штат санын 170 адамға дейін қысқартады. 2023 жылға дейін шығын көлемін 25% дейін қысқарту жоспарланған.



АЛАШ АСТАНАСЫ ҚАЙТА ДАМИДЫ

Семей қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытуға бағытталған 2020-2025 жылдарды қамтитын кешенді жоспар жасалды. Оны іске асыруға 260 млрд. теңге бөлінеді.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Семейге тарихи орталық мәртебесі берілетінін айтқан еді. Алаштың рухына астананың дамыту мақсатында кешенді жоспар әзірленген. 5 жыл көлемінде іске асатын бұл жобаға 260 млрд. теңге жұмылдырылады. Бұрын-сонды осы қалаға мұндай ауқымды қаржы бөлінбеген. Сондықтан, шаһар гүлденіп, тұрғындардың өмір сапасы жақсаратыны сөзсіз», – деді Даниял Ахметов халық алдындағы есеп беру кездесуінде. Аймақ

басшысының сөзіне сенсек, кешенді жоспар аясында 7 бағыттағы 56 шара іске асырылады. Атап айтсақ, кәсіптік кешенді, тұрғын-үй құрылысы мен инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды, әлеуметтік саланы және көлік инфрақұрылымын дамыту бағыттары қамтылады. Естеріңізге сала кетсек, осыған дейін ҚР Президенті Семей қаласына тарихи орталық мәртебесі берілетінін айтқан болатын.

Әкімдер мен министрлер Президент тапсырмасынан кейін жылда қалай болса солай шашатын шығындарын қысқартуды мықтап қолға алған сыңайлы. Соның арқасында мән-мағынасыз семинарлар мен конференцияларға, қымбат көлік пен жиһаз сатып алуға жұмсалатын 130 миллиард теңгеге жуық қаражат бюджетте қалды.

ШЕНЕУНИКТЕР НЕГІЗСІЗ ШЫҒЫНДАРДЫ АЗАЙТЫП ЖАТЫР

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қаңтар айының 24-інде өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында мемлекеттік органдарға бюджет қаржысын онды-солды шашуға қатаң тыйым салып, бюджеттен бөлінетін қыруар қаражатқа қымбат көлік пен жиһаз сатып алуға, мән-мағынасы төмен, бірақ шығыны шаш-етектен келетін жиын өткізуге ұзақ мерзімді мототорий жариялағаны белгілі. Мемлекет басшысының қатаң ескертуінен кейін ақшаны судай шашатын шенеуніктер шетінен шығындарын азайта бастағаны байқалады. «Жалпы алғанда шығыстарды онтайландыру бойынша жалпы сомасы 128,6 млрд. теңгеге ұсыныстар берілді, оның ішінде мемлекеттік органдардан 23

млрд. теңге, өңірлерден 26,6 млрд. теңге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінен 79 млрд. теңге үнемделген», – деді ҚР Қаржы министрі Әлихан Смайылов. Оның айтуынша, бұл үнемдеудің тек басы ғана, алдағы уақытта көрсетілген осы сома тағы да екі есе ұлғаюы мүмкін екен. Оған сенуге болады, өйткені жыл енді ғана басталды.

Міне, мәселе қайда? Көпбалалыларға арнай төлемақы беруге ақша таппай жатқанда, бұл жерден жеті қоян тауып алғандай ажқарама жаналық болды. Сонда өткен отыз жылға жуық уақытта қаншама қаржы босқа жұмсалғанын есептеп көріңізші. Оның қаншасы шенеуніктердің өздерінің қалтасында кеткенін бір Құдай ғана біледі...

ОБЛЫСТЫҚ ЕКІ ГАЗЕТ «SARYARQA AQPAPAT» САПЫНДА

Қарағанды облысында екі облыстық газет «Saryarqa aqparat» бірыңғай медиахолдингіне біріктірілді.

Қарағанды әкімінің баспасөз қызметінің мәліметтеріне қарағанда, «Ortalyq Qazaqstan» және «Индустриальная Караганда» газеттерін жаңғырту мақсатында Қарағанды облысы әкімдігінің қаулысымен екі облыстық баспа басылымын бірыңғай медиа-холдинг – «Saryarqa aqparat» ЖШС-не біріктіру туралы шешім қабылданды. Медиахолдингтің құрамына Талдау және болжау орталығы мен «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесі кіреді. Бір ЖШС біріктіру туралы шешімді қос басылымның редакциясы түсіністікпен жылы қабылдады. Газеттерді бірыңғай медиахолдингке біріктіру – заман талабына сай іске асырылып отырған шара. Екі газет те бұрынғы атауларымен жұмыс істейтін болады. Облыс әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов «Saryarqa aqparat» ЖШС-нің жана басшысы Қамбар Ахметовты таныстырды. Қамбар Жұмағалиұлы Ахметов 1978 жылы Қарағанды облысының Ақтоғай ауданында

дүниеге келген. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің түлегі. Журналистика саласындағы өз қызметін қалалық «Балқаш өңірі» газетінде бастады. 2004 жылдан 2006 жылға дейін облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің тілшісі болды. Кейін облыстық «Балқантау» газетінде жұмыс істеді. 2005-2008 жылдары Қарағанды облысының атынан «Қазақстан баспасөз клубында» жұмыс атқарды. 2007 жылдан бастап 2014 жылға дейін республикалық «Айқын» газетінің тілшісі болып жұмыс істеді. «Baq.kz» ақпараттық агенттігінің, «Қазақстан» РТРК» АҚ интернет-жобалар бөлімінің, «Нұр Отан» партиясына қарасты «Электрондық партия» медиа редакциясы интернет-ресурсының басшысы болып қызмет етті. 2016 жылы Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрінің кеңесшісі, 2018 жылы «Egemen Qazaqstan» газетінің бас редакторының орынбасары қызметтерін атқарған. ҚР Президентінің Алғыс хатымен, ҚР Ақпарат және коммуникация министрінің «Ақпарат саласының үздігі» медалымен марапатталған.

ГАЗЕТТІ ОҚИ БІЛУ КЕРЕК

Газетте өзекті мәселелер жан-жақты зерттеліп жазылып жатыр. Тек қана оқу керек. Елордада өткен қазақтілді онлайн контент жасаушылардың форумында осындай пікір айтылды.

«Технология газетті өлтіреді деген пікір дұрыс емес. «Газет тірен қалуы үшін не істеу керек?» деген сұраққа жауап керек болса, біріншіден отандық газеттерде салмақты, зерттеу мақалалар шығып жатыр. Екіншіден, «Мен қазақпын», «Қазақ дәстүрі» сияқты тақырыптардан кетті. Газеттерді оқысаңды, жасанды интеллект, 5G, төртінші индустрияның артықшылықтары мен мүмкіншіліктері және басқа да өзекті мәселелер тарқатылып

жазылып жатыр. Тек қана оқу керек», – дейді «Айқын» газетінің бас редакторы Нұрмұхамед Байғараев. Оның айтуынша, қазіргі уақытта газеттер аптасына бір рет қана шықпайды. «Мысалы, «Егемен Қазақстан» газеті аптасына бес рет, «Айқын» газеті аптасына төрт рет шығады. Түневіне ерте жаңалықтар күніне 4-5 рет беріледі. Жылдамдық жағынан сайттарға ілесе алмағанмен, импульс беруге тырысады. Газет «тірі» қалуы үшін нарықтағы бәсекелестерінде жоқ нәрсені беруі керек. Басты бәсекелес – сайттар мен дәстүрлі емес аккаунттар болуы мүмкін. Газеттер бір күнде болған, жиі талқыланып жатқан мәселелерді жан-жақты зерттеп жазуы тиіс.

КӘСІПКЕРЛЕРДІ ТАҚЫРҒА ОТЫРҒЫЗУ КІМГЕ КЕРЕК?

Жүздеген адамды жұмыспен қамтып, миллиондап салық төлеп отырған кәсіпкерді тақырға отырғызу кімге керек? «Ақ жол» Қаржы министрлігінен мәмілелердің жалған сипатының объективті критерийлері әзірленгенге дейін мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы сот ісін жүргізуді тоқтата тұруды сұрайды», – деді Ерлан Барлыбаев өзінің Парламенттік сауалында.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ Ә.А.СМАЙЛОВҚА
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАС ПРОКУРОРЫ
Ғ.Д.НҮРДӘУЛЕТОВКЕ**

Құрметті Әлихан Асханұлы!
Құрметті Ғизат Дәуренбекұлы!
Күн сайын «Ақ жол» демократиялық партиясына республиканың әртүрлі аймақтарындағы мәмілелерді жарамсыз деп тану бойынша негізсіз санкцияларға ұшыраған көптеген кәсіпкерлер жүгінуде. Қосымша төлемдер сомасы бірнеше миллионнан бірнеше миллиард теңгеге дейін жетіп, бұл кәсіпорындардың қызметіне нұқсан келтіріп қана қоймай, олардың толық банкротқа ұшырауына әкеп соғуда.

Осыған орай, ағымдағы жылдың 12 ақпанында Жоғарғы Соттың, Бас прокуратураның, Ұлттық экономика министрлігінің, Мемлекеттік кірістер комитетінің, ҰҚП-ның және 100-ден астам кәсіпкерлер қатысуымен «Ақ жол» партиясының кеңейтілген отырысы өтті. Сондай-ақ, отырыс Қостанай, Ақтау, Алматы, Петропавл, Қарағанды, Шымкент және басқа қалалармен бейнеконференция жүйесінде жүргізілді.

Өңірлерден алынған мәліметтерге сәйкес, соңғы үш жылда салық органдарының транзакцияларды жарамсыз деп тану туралы берген сот істерінің саны 9 есе өсті және қазіргі таңда да олардың саны артуда.

Сонымен қатар, осындай даулар бойынша кәсіпкерлердің пайдасына шешілетін соттар саны 1 пайыздан да төмен. Салыстыру үшін айтар болсақ,

Қаржы министрлігінің өзі дауларға жүгінген кезде, әрбір үшінші жағдайда ол бизнесті қолдайды.

Талқылау салық органдарында транзакциялардың жалған сипатын анықтаудың нақты әдістемесі жоқ екенін көрсетті. Мұның орнына олар кәсіпкердің келісімшартты орындау үшін активтері немесе жұмысшылары жетіспейтін жағдайларды іздейді және өздерінің бай контрагенттеріне салықтарды қайта өндіреді.

Белгілі болғандай, мұндай тәсілдер Салық кодексінде де белгіленбеген. Бірақ 2017 жылы қабылданған Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысында бюджетті толтыру мақсатында салық қызметкерлеріне мәмілелерді жарамсыз деп тану құқығын өз қалауы бойынша «активтердің жеткіліксіздігі» немесе кәсіпорын жұмысшыларының саны деп көрсеткен.

Тіпті, кәсіпкер салынған ғимараттар мен жолдар, жеткізілген тауарлар туралы дәлелдемелер ұсынған кезде де, салық органдары оларды елемейді.

Бірақ мұндай тәсіл қазіргі жағдайда шығындарды қысқартуға, аутсорсингті қолдануға және белгілі бір міндеттерді орындау үшін жабдыктар мен жұмысшыларды тартуға мәжбүр болған шағын және орта бизнеске бағытталған.

Оның үстіне бұл құрал бизнесті бопсалаудың ыңғайлы тәсілі болды.

Біз мемлекеттік органдардың

қылмыстық жоспарларды тоқтатып, алаяқтарды жазалауды қалайтынын түсінеміз. Бірақ біз сонымен қатар, адал бизнесті қорғау, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулысымен анықталған олардың сыртқы белгілерін ғана емес, Қаржы министрлігінің апелляциялық комиссиясы жасаған барлық осындай талаптардың экономикалық сипатын қарауды қамтамасыз ету қажет деп санаймыз.

Бір күндік фирмалар, әдетте, ақшаны заңсыз алумен айналысатын. Алайда, бүгінде қосарланған салық салу қысымымен көптеген жылдар бойы табысты жұмыс істеген, қосымша күн мен жұмыс орындарын құрған, бюджетке үнемі миллиондаған салық төлеген кәсіпорындар құлап жатыр. Мұнда бірнеше мысалдар келтірілген:

– «Фрак Джет» ЖШС-і (Қызылорда) – 15 жыл бойы жұмыс істеуде, 250 адамға дейін жұмыспен қамтамасыз етіп отыр. Жыл сайын 650 миллион теңгеге дейін салық төлейді. Сот одан 48 миллион теңге көлемінде қосымша ақы талап етеді.

– «Ақтау Центр Строй» ЖШС (Маңғыстау) – 11 жыл жұмыс істеп келе жатқан, 30 қызметкері бар және жылына 60 миллион теңгеге дейін салық төлейтін шағын кәсіпорын. Сот қосымша кәсіпорыннан 679 миллион теңге өндіріп алуды талап етеді, бұл шағын кәсіпорынның күйреуімен тең.

– «Қарағанды Терминал Мұнай» ЖШС – бұл 23 жылдан бері жұмыс істейді, 20 жұмыс орны бар және жыл сайын бюджетке 18 миллион теңгеге дейін төлейтін шағын кәсіпорын. Салық органдары оған қарсы сот ісін прокуратураның шешімдері мен мерзімі өтіп кеткен ескіру мерзіміне қайшы 7-ші рет сотқа берді.

– «АБЗ +» ЖШС (Қостанай) – 19 жыл бойы жұмыс істейтін, 250 қызметкерден тұратын орта



кәсіпорын. Жылына 900 миллион теңгеге дейін төлейді. Сот қосымша 3,5 миллиард теңгені өндіріп алуды талап етуде. Бұл салық төлеуші үшін сөзсіз банкротпен тең.

– «Аспап» ӨК (Қарағанды) – 30 жылдан астам уақыт жұмыс істейді, 500-ден астам қызметкер жылына 100 млн. теңге салық төлейді. Қосымша төлем 94 миллион теңге.

– «Grand Smithy works» ЖШС (Қарағанды) – нарықта 9 жыл, 115 жұмыскер, жыл сайын 160 миллион теңге салық төлейді. Қосымша төлем 311 миллион теңге.

– Қарағанды қаласы әкімдігінің «Мәдениет саясаты» мен алаңдары басқармасы» КМҚК. 300-ден астам қызметкер жылына 200 миллион теңге салық төлейді. Қосымша 22 миллион теңге төлеуі тиіс.

Мұндай мысалдар жеткілікті. Мәмілелерді жарамсыз деп тану жағдайы елдегі әрбір екінші кәсіпорынға әсер еткен. «Жалған кәсіпкерлік» туралы заңның антикоррупциялық нұсқасын заңды тұлға түрінде қайталауға қауіп төндіреді.

Бірақ мемлекет үшін жүздеген адамдарды жұмыспен қамтамасыз етіп, қазынаға миллиондап төлейтін адамдарды мақсатты түрде құртып жіберудің пайдасы бар ма? Кәсіпкерлікті қолдау мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып саналады.

Осыған байланысты, Қазақ-

станның «Ақ жол» Демократиялық партиясы келесі шұғыл шараларды қабылдау мүмкіндігін қарастыруды сұрайды:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне және оның құрылымдық бөлімшелеріне жергілікті жерде мәмілелердің жалған сипатының объективті критерийлерін әзірлеу, әділет органдарына мұндай шағымдардың берілуін тоқтата тұру немесе оларды Қаржы министрлігінің апелляциялық комиссиясының қарауына тапсыру;

2. Біз Бас прокуратурадан кәсіпкерлерді қорғауда наразылық білдіру, сот шешімдерін қадағалау тәртібімен, дауланған мәмілелер мен қосымша салықтардың экономикалық мазмұнын түбегейлі зерделеу үшін зерттеу мүмкіндігін сұраймыз.

Сондай-ақ, біз Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасынан мәмілелерді жарамсыз деп тану тәртібін нақтылау бөлігінде «Салық заңнамасын қолданудың сот практикасы туралы» 2017 жылғы 29 маусымдағы №4 нормативтік қаулысына қажетті өзгерістерді талқылауды қоса алғанда, осы мәселе бойынша жұмыс тобының жұмысын жандандыруды сұраймыз.

**Құрметпен,
«Ақ жол» фракциясының
депутаттары**

ГЛЮКОМЕТРДІ КІМ ҚАДАҒАЛАЙДЫ?

Глюкометр сынақ жолақтарына медициналық құрылғы мәртебесін беру оларды сақтау мен тасымалдау талаптарына қатаң бақылауға мүмкіндік береді. Бұл туралы бүгін Мәжіліс депутаты Екатерина Никитинская ҚР Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртановқа жолдаған депутаттық сауалында айтты.

Бұл сұранысқа фармацевтикалық бизнес кәсіпкерлерінің көптеген өтініштері себеп болды. ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Тауарлар мен қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігі комитетінің бұйрығына сәйкес, өткен жылдың 4-қазанынан бастап дистрибуторлық компаниялардан глюкометрлерге арналған сынақ жолақтарына тіркеу куәліктері алынды. Комитеттің тесту куәліктері медициналық мақсаттағы бұйым емес деген қорытындысы аталмыш бұйымға негіз болып отыр. Бұл шешім түсініксіздеу. Өйткені, Беларусь пен Ресейдегі дәл осыған ұқсас өнім медициналық құрылғы мәртебесіне және тіркеу куәлігіне ие.

Өмір бойы кепілдік берілетін жолақтар құрылғының өзінен бөлек жеткізіледі және оны тек 1 рет сатып алу жеткілікті. Құрылғымен бірге келетін жолақтар 1-3 күнге жетеді. Сонымен қатар, оларды кант диабетімен ауыратын адамдар үнемі



қолданады және бұл – диагноздың маңызды элементі болып табылады.

Сынақ жолақтары медициналық мақсаттағы бұйымдар немесе компоненттер ретінде жіктелмегендіктен, оларға қосымша күн салығы салынады. Ал 2 типті кант диабеті бар қазақстандық науқастар белдеулер үшін жыл сайын қосымша 330-340 миллион теңге төлеуге мәжбүр.

«Негізгі мәселе – бұл бұрын тіркелу формасы республика аумағында тауарлардың бүкіл тізбек бойынша импортерден бастап соңғы сатып алушыға дейін қозғалысын

нақты бақылау жүйесін қамтамасыз етуі. Жеткізуші компаниялардан оларды сақтау және тасымалдау бойынша барлық талаптарды орындау талап етілді. Ал, өнімді тек тиісті лицензиясы немесе купондық хабарламасы бар фармацевтика өкілдері сата алады. Осылайша, тұтынушы үшін де, мемлекет үшін де жауап беретін нақты заңды тұлғалар анықталды», – деді Никитинская.

«Ақ жол» тіркеу куәлігінің күшін жою үшін бірқатар медициналық құрылғылардан тестілік жолақтарды

алу іс жүзінде көтерме жеткізушілерден де, сатушылардан да өнімнің сапасы мен қауіпсіздігі үшін жауапкершілікті алып тастайды деп санайды. Сынақ жолақтары енді медициналық мақсаттағы бұйымдар болмайтындықтан, оларды сақтау шарттары талап етілмеген дүңгіршектерде, базарларда және жанармай бекеттерінде оңай сатуға болады.

Мұның бәрі кант диабетімен ауыратын адамның сапасыз сынақ жолағын қолданып, есептегіште дұрыс емес нәтиже алған адамның дәрі-дәрмекті дұрыс емес мөлшерде қабылдауы немесе қандағы кант мөлшерін реттемеуі, комаға және тіпті өлімге әкелуі мүмкін.

Осыған орай, «Ақ жол» Демократиялық партиясының депутаттары Денсаулық сақтау министрлігіне қазіргі жағдайды қарастырып, медициналық мақсаттағы бұйымдардың мәртебесін осы өнімдерге қайтаруды сұрайды.

«Ақ жол» демократиялық партиясы және оның парламенттік фракциясы сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыруды және өз сайлаушыларының мүдделерін қорғауды жалғастыруда.

*Қазақстанның «Ақ жол»
Демократиялық партиясының
баспасөз қызметі*



Соттағы жарыссөз бен соңғы сөзінде Ислам Әбішев триллионды қалай үнемдеуге болатынын көрсетіп берді. Бірақ Халыққа адал да, алапат қызмет ету туралы баяндамасын Үкіметтегі мінбеде емес, түрмеде жасады... Бұндай оқиға, сотталушының сот залындағы қоршау ішінде тұрып, ақталу сөзін емес... үкіметтік деңгейдегі баяндама жасауы әлемдік сот тарихында да болмаған шығар... Триллион қалай үнемделгенін сот залынан шығарып, үкіметте барлық министрлер мен әкімдерге, комитет төрағаларына көрсету керек еді...

Прокурор сотқа шағым айтып, БАҚ-тың тікелей ақпарат жасауына, аудио/видео жазуға бекер тыйым салды. Солай солақай шешімімен бұндай ғажап сөзді бүкіл еліміз тікелей таныса алар бақытынан айырды...

Иә, тарихта болмаған сотта сотталушы сот тарихында болмаған сөз сөйледі! Аудио-видеоны қолданып, графикалық кестелер мен түрлі таблицаларды пайдаланып сөйленген сөз шындығында да нағыз үкіметтік баяндама еді...

Мұндай сотты жүргізіп отырған судья Қажымұқан Мекемтас та, мемлекеттік айыптаушы прокурор Саламат Сүлейменов те тарихта қалатын болды...

Прокурор Саламат Сүлейменов Ислам Әбішевке 11 жыл жаза сұрағаны үшін кешірім сұрап, қайта алғыс айтып, ақтау керек деп сот залынан шығып кетуі керек еді... Егер Ар мен Заң алдында адалдығы мен намысы болғанда...

Таразының екі басында екі адам тұр:

Мемлекет қаржысынан триллионды қорғап қалған қайраткер Ислам Әбішев пен мемлекеттің миллиардтарын жеп кеткен айлакер (соның кесірінен 100 мыңдай ауыл тұрғыны ауыз сусыз отыр) Азамат Шаймерденов.

Енді біздің соттың, яғни, биліктің алдында таңдау тұр! Еліміздің әлемге әйгілі зиялылары мен Парламент депутаттары, Олимпиада, әлем чемпиондары бастап, 200 мыңдай адам ҚР Президенті Қ.Тоқаевқа жазылған Ашық хатқа қол қойып, қолдаған Ислам Әбішевті талайдың ақысын, мемлекеттің миллиардтарын жеп кеткен әлдебір алаяққа айырбастап жібере ме, жоқ, мемлекеттің триллионын қорғаған Ерді Елмен бірге қорғап қала ма, ең басты мәселе осында!

Яғни, біздің билікке мемлекеттің қаржысын қорғаушы керек пе, жоқ ел қаржысын тонаушы керек пе?

жасағанын, өзінің жазып берген түсінігін тергеушілердің жыртып тастап, өздері дайын жазба ұсынып, соған қол қойдырғанын, қазір де қысым жасап жатқанын, сол үшін соттан қорғаушы сұрайтынын жеткізді. Ал Шаймерденов «Ислам Әбішев пара сұрады» деген «Қазбайлық Астана» ЖШС басшысы А.Төлегенов өздерінен ешкім пара сұрамағанын және ешкімге пара беру ниеттері жоқ екенін, Ислам Әбішевті тек сыртынан ғана білетінін жайып салды. Сонымен пара беруші жоқ болып шықты бұл істе...

Астанадағы сотқа ақборан мен аязға қарамай, зейнет-ақыларын жұмсап елден келіп жатқан ел ағаларына, ақсақалдарға, азаматтарға ризамыз.

лауреаты, Исекең туралы арнайы мақала, айшықты жыр жазған көрнекті ақын Темірхан Медетбек: «Сот залын мүшәйраға айналдырып жібергендер ме? Жыр оқылған жерде жақсылық болады. Жақсылықтан басқа жасағаны жоқ Ислам ініміз жайлы жақсы хабар күтеміз», – деп хабарласқаны...

Өзінің жеке қаржысына мектеп, мешіттер, ауыл, көптеген баспанасыз адамдарға үй салып беріп, елігілі үшін жүздеген миллиондарын жұмсаған адал да, ақиет атпал азамат, намазын қаза қылмайтын нарқасқа Ислам Әбішев Су ресурстары комитетінен 7 миллиардтай көлемде тендер алып, жұмысын істемей кеткені үшін Азамат Шаймерденовпен келісім-шартты бұзып, ол комитетті сотқа бергенде сотта жеңіп шыққан адам өзі соттасып жүрген қауіпті сексот, алаяқтан 60 миллион пара алмақшы болды дегенге есі дұрыс адам сене ме? Тергеу орындарының үш ай жасырын тыңдаған жазбасында да

қарсы болып, Ислам Әбішев пен адвокат Абзал Құспаннның табандылығының арқасында сот арқылы Ресей тілінен Қазақ тіліне ауысты – не деген маскара! Міне, біздің Тәуелсіз Қазақстанның 30 жылындағы «Ұлтсыздық» саясатының жемісі! Қазақ Елі астанасында соттың Қазақ тілінде өтуіне Занды қадағалаушы прокуратураның өзі қарсы! Ал елордада істі толыққанды қазақша жүргізе алатын бір де бір сот жоқ!

Біздің еліміздің тарихында бұрын-соңды Ислам Әбішев ісіндей сот болған емес!

Өйткені, бұл сот:

1.Еліміз бойынша қоғамдық зор резонанс тудырған;

2.Прокуратураның әділетсіздігі мен ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың Халыққа Жолдауында тура сыналғандай, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Ұлттық бюро тергеушілерінің ашық заңсыз әрекеттері мен барып тұрған былайыт арандатушылығы әшкере болған;

3.Сот жүйесіндегі негізгі сот жүргізу тілі – мемлекеттік тілдің іске аспайтын бейшара халін – ел астанасы бас қаладан басталған ба-

рып тұрған заңсыздықты көрсетіп берген;

4.Сотталушыны еліміздің 200 мыңға жуық адамы Ашық хатқа қол қойып, қолдаған (бұл бұрынғы көрсеткіш болған еді) сот болды – рекордтық деңгейі сот болды!

Осындай тарихи сотқа құрметті сот Қажымұқан Мекемтастың судья болғаны әрі бақыты, әрі соры.

Бақыты болатыны – өмірде осындай да алапат дарынды, айрықша іскер, триллион үнемдеп, сол кезде ұсынылған миллиардтаған «сыбағадан» бас тартқан адал адам болатынын өз көзімен көрді.

Бақыты болатыны – өзінен бастап елордадағы барлық судьялардың сот жүргізу тілі – мемлекеттік тілді білмейтіндері әшкере болғаны (2 беттік қаулыдағы 24 сөйлемнен 76 қате шықты), өзіне сотталушылар мен қорғаушылар сотталушылармен бірдей білдіріп, сот залын үш рет тастап шығып, үш рет қайтып келгені ешнәрсе емес – бес айдың ішінде қазақ тілін жап-жақсы үйреніп алды. Жалпы Ислам Әбішев ісін ер айда әр судья жүргізгенде, елордадағы 5-6 судья мемлекеттік тілді үйреніп шығар еді...

Ең бастысы – Қажымұқан Мекемтастың бұл істі жүргізу бақыты болатыны – егер ел күткен әділ шешім шығарып, қазақ сот билігінің әділдігін әлемге паш етіп, Ислам Әбішев пен Серік Түкиевті сот залынан ақтап босатып жіберсе, тарихта әділ сот деген атпен қалатыны! Одан соң Қажымұқан Мекемтас мырза жұмыстан шығып кетсе де, ешқандай жұмыс істемей-ақ әділ сот деген ерекше құрметті аты асырар еді...

Ал соғымдағы пікірі әлдеқашан ақтап қойған Ислам Әбішев пен Серік Түкиевке әділетсіз үкім шығарып, соттап жатса, өзінің атына тарихта мәңгілік ұрпағына кетер кара таңба басылатыны!

Ал мен құрметті сот Қажымұқан Мекемтастың бақытты болуын қалаймын!

Соңғы сөзді сот айтады!

Қазыбек ИСА,
Qazaquni.kz

ӘБІШЕВ ТРИЛЛИОН ҮНЕМДЕУ БАЯНДАМАСЫН МІНБЕДЕ ЕМЕС, ТҮРМЕДЕ ЖАСАДЫ...



Бұған 18 ақпанда сағат 16:00-де көз жеткіземіз!

Бұған бүкіл еліміз көз тігіп отыр!

Мен өзім бір жылға жуық, 11 айдан бері қадағалап келе жатқан осы Ислам Әбішев пен Серік Түкиев ісінде жоғары біліктілік көрсеткен, тергеушілердің қолдан жасанды құрастырған жалған ісін күл-талқанын шығарған белгілі адвокат Абзал Құспан бастаған қорғаушылар Мәкіш Есқараевқа, Ерлан Мәкеновке, Саян Жүнісбайға, Алмас Әбдірахмановтарға зор алғысымды білдіремін.

Олар тергеушілердің әр ісінің быт-шытын шығарып жатқанда сондай жалған жамаулы істі жамылып, тек соттауды талап етіп отырған «соқыр» прокурор С.Сүлейменов үшін залда тындап отырған ел ұялып кетеді...

Сонымен бірге 20-дан аса куәгердің барлығы, тергеушілер алып келген тергеушілер бәрі де Ислам Әбішевті жақтап сөйлеп, тергеушілердің жоспарының быт-шыты шықты... Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық бюро тергеушілерінің жаласына шыдамай, тергеуші мен прокуратура қызметкерін атып, жерлау, содан соң өзін атып, мерт болған ҚазСушар мекемесінің бұрынғы бас директоры Өмірбек Жампозовтың ұлы Асылжан Жампозов өзіне тергеушілердің қысым



Әлемге әйгілі жазушы-драматург, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, 75 жасқа тойлаған мерейтойын елімізден бұрын Англия апта бойы тойлаған Дулат Исабеков бастаған Көпен Әмірбек, Мырзагелді Кемел, Марат Тоқашбаев, Болат Мырзалиев, Қыдырбек Рысбекұлы, Әлібек Шегебай, Ұларбек Дәлей, Дастан Кенжалин, Төлемырза Темірбекұлы, Алтынбай Мұса, Ақын Ордабай, Мәди Манатбек, Бауыржан Қарағызұлы және т.б зиялы қауым өкілдеріне, әр сот сайын хабарласып отырған белгілі қоғам қайраткері Сабыржан Махмет бастаған өңірдегі жанашыр азаматтарға алғысымызды білдіреміз. Сонымен бірге әлеуметтік желілерде қолдап, қорғап отырған, әділеттік үшін күресуші мыңдаған азаматтарға алғысымыз шексіз!

Сот залынан күнделікті ақпарат беріп отырған белгілі журналист Отырған Қажымұқан, Сәуле Әбілдаханқызы, Азамат Тасқараұлы, Мадияр Жалғасұлы («Жас Алаш»), Зауре Мырзаходжаевалардың еңбектері өз алдына бір төбе.

Еліміз тарихында ең бірінші рет бұл сотта қоршау ішінде тұрған сотталушы Ислам Әбішев қазақ ақындарының жырын оқыды. Сот залында бірнеше рет ақындар жыр оқыды! Сол кезде ғой, Мемлекеттік сыйлықтың



бір тиын сұраған сөзі жоқ. Түк болмағасын Азамат Шаймерденов Дүниежүзілік Қазақ күресі федерациясы вице-президенті Серік Түкиевке өзі ұсыныс жасап, Голландиядағы чемпионатқа демеуші боламын деп аударған 10 миллион теңгені «параға» аударсалады... Азамат Шаймерденовтің алдында ауыр қылмыс жасап, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Ұлттық бюро тергеушілерінің қармағында жүргені, өзі де бұрын Қаржы полициясында істегені анықталды...

Ал Сыбайлас жемқорлыққа қарсы Ұлттық бюро «Ислам Әбішев пара алу үстінде ұсталды» деп жалған ақпарат таратып, интернетке жүзі көрінбейтін бір белгісіз адамның ақша алып жатқан видеосын салып қойған, оны көрген кез келген адам бұл Әбішев екен ғой деп ойлайтыны анық... Айтпақшы, ол жалған видео әлі тұр... Ал Ислам Әбішев бір тиын да пара алған емес. Оны соттың барысында 100 пайыз анықталды. Егер сіндетті түрде Әбішевті соттау керек болса басқа қылмыс ойлап табу керек!..

Сонда есіл ерлер бір жылға жуық уақыттай тас түрмеде әлдебір алаяқтың жаласымен жазықсыз отыр.

Ұлттық мүддені қорғап жүретін Ислам Әбішев соттың орыс тілінде жүруіне қарсы болды! Ал сот ісін мемлекеттік тілде жүргізуге прокуратураның өзі

Нұр-Сұлтан қаласында атышулы Ислам Әбішев ісіне байланысты сот шешімі шықты. Судья Қажымұқан Мекемтас Ислам Әбішевке 5 жыл, Серік Түкиевке 4 жыл үкім кесті. Әбішев те, Түкиев те сот шешімімен келіспейді, қалалық сотқа апелляцияға берді. Сот сонымен қатар адвокат Абзал Құспанға сотқа жала жапты деп, журналистер Өмірзақ Ақжігіт пен Сәуле Әбілдаханқызы екеуіне сот беделін түсірді деп жеке шешім шығарып, бір айдың ішінде шара қолдануға прокуратураға тапсырды.



Ислам ӘБИШЕВ:

ШЫНДЫҚТЫ АЙТҚАН ЖАМПОЗОВҚА БЕРЕТІН ЖЫЛДАРЫҢДЫ МЕНІҢ 5 ЖЫЛЫМА ҚОСЫП БЕРІҢДЕР!

ӘДІЛЕТСІЗ СОТ ӘБИШЕВТІ 5 ЖЫЛҒА СОТТАДЫ

Сонымен кешегі мақаламызда жазған едік:

«Ең бастысы – Қажымұқан Мекемтастың бұл істі жүргізу бақыты болатыны – егер ел күткен әділ шешім шығарып, қазақ сот билігінің әділдігін әлемге паш етіп, Ислам Әбішев пен Серік Түкиевті сот залынан ақтап босатып жіберсе, тарихта әділ сот деген атпен қалатыны! Оған соң Қажымұқан Мекемтас тыңаудың жұмыстан шығып кетсе де, ешқандай жұмыс істемей-ақ, әділ сот деген ерекше құрметті аты асырап еді...

Ал соры болатыны – егер ертең елдің қоғамдық пікірі әлдеқашан ақтап қойған Ислам Әбішев пен Серік Түкиевке әділетсіз үкім шығарып, соттап жатса, өзінің атына тарихта мәңгілік ұрпағына кетер кара таңба басылғаны!

Ал мен құрметті сот Қажымұқан Мекемтастың бақытты болуын қалаймын!» – дегеніміздей, Ислам Әбішев сотына әділетсіз үкім шығарып, бұл сот судья Қ.Мекемтастың соры болды!..

Ең масқарасы тереушілердің былығы әшкерелеген Асылжан Жампозовқа «куәгер ретінде жалған жауап берді» деп жеке шешім шығарып, бір айдың ішінде шара қолдануға прокуратураға тапсырды.

Осыған шыдай алмай кеткен Ислам Әбішев: «Асылжанның әкесі Өмірбек Жампозов шындық үшін өзін атып мерт етіп өлді. Үнді шындықты айтқаны үшін оның еңлі Асылжанды соттамақшысындар. Асылжанға тиіспендер! Не деген барып тұрған әділетсіздік бұл?! Оған беретін жылдарыңды қанша жыл болса да, маған, менің 5 жылыма қосып беріңдер!» – деп айқай салды.

– Біздің адвокаттардың 100 пайыз дәлелдеген заңсыздықтар мен арандатушылықтардың бір де біреуін іске қатыссыз етіпсіңдер. Онда несіне он бір ай әуре болдық сот өткізіп. Ұстаған кезде-ақ соттай салмайсындар ма қалаған жылдарыңды беріп? – деп наразылық танытты Ислам Әлмаханұлы.

Ислам Әбішевтің жанайқайына соттың үлкен залына да сыймай тұрған қалың ду қол шапалақтап, дуылдап қоштап кетті.

Сот Қ.Мекемтастың Серік Түкиевке таққан тағы бір айыбы қазақтың намысы мен құлкісін келтіреді: «Сіз орыс тілін түсінбеймін, сот қазақ тілінде өтсін деп жалған айттыңыз. Өйткені, сот барысында сіздің орыс тілін түсінетіңіз белгілі болды. Себебі, сіздің федерация Дүниежүзілік Қазақ күресі атқарған ясы вице-президенті қызметіңіз және жоғары оқу орнын бітіргеніңіз орыс тілін білетіңізді көрсетеді», – деп сілтеді... Оған Серік Түкиев: « – Мен ағылшын



тілін де түсінемін, сонда ағылшын тілінде өтуі керек пе? Біз соттың мөлкеттік тілде өтуін талап еттік!» – деп тойтарыс берді. Бұған жұрт риза болып, қол шапалақтап, қолдап кетті.

Сонда біздің қазақша жазып берген үкімді екінші сыныптың екілік оқушысындай ежіктеп зорға оқып берген сот Қ.Мекемтастың ойынша жоғары оқу орнын бітірген Қазақ Ресей тілін білеу елде көп» деген осы!.. Құтылмаған құлдық сана!



Абзал ҚУСПАН: «СОТ ЗАЛЫНАН ШЫНДЫҚ ІЗДЕУ МҮМКІН ЕМЕС, МЕН ЕНДІ ӘДІЛДІКТІ КӨШЕДЕН ІЗДЕЙМІН!»

Адвокат Абзал Құспан: « – Мен қандай жала жауыппын сот, сізге, анықтап айтпадыңыз?! Сіздің қазақ тілінен екі беттен 76 қате жібергеніңізді айтқаным ба жала деп тұрғаныңыз? Мен ертеңнен бастап адвокаттық лицензиямды өткізіп, көшеден іздеймін шындықты! Сот залынан әділеттілік табу мүмкін емес екен», – еді шарт кетіп.

– Біз бұл сот ісінде 90 пайыз, 99 пайыз емес, 100 пайыз дәлелдеп бердік Ислам Әбішев пен Серік Түкиевтің ешқандай қылмысы жоқ екенін. Тергеушілердің

барлық жасанды жалаға құрылған жасанды айыптарының барлығының күл-талқанын шығардық. Біз сот бүгін сотталушыларға айып арқалатып, сот залынан босатып жіберсе де келіспес едік. Өйткені, ешқандай дәлел жоқ пара алды дегенге. Оны жасырын жазылған үш айлық тыңдауда да бір ауыз сөзі жоқ пара сұраған.

Сонымен бірге адвокаттың және шындыққа жанған журналистердің үстінен қылмысқа тарту жөнінде жеке қаулы шығару – бұл барып тұрған сөз бостандығына деген қарсы үкім шығару деп есептеймін. Бұл шындықты айтқызыбау үшін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің сот Мекемтас арқылы адвокат пен журналистердің жұмысына қарсы шабуыл деп білемін! – деді Абзал Құспан.

Ислам Әбішев пен Серік Түкиев қоршау ішінде тұрып, сот шешіміне наразылық білдіріп шулаған елге басу айтты. Апелляцияға беретінін, бәрін заңды жолмен шешу керек екенін, әділеттілікке жетпей қоймайтынын мәлімдеді.

Сотқа елдің әр өңірінен әділдік іздеген көп адамдар келді.

Шымкенттен келген ел ағасы Беғайдар қажы Смадиярұлы Ислам Әбішев пен Серік Түкиевке жігер беріп, Алладан рахым тіледі. Ал Түркістан облысы Ордабасы ауданынан келген зейнеткер Максат Тілеу: Менің 7 немерем бар! Жетеуі де осы тартуын тілеймін» деп залда айқай салды! Ел ду қол шапалақтап қолдап кетті.

Сот шешіміне наразылық білдіріп шулаған елді қорғаушылардың өздері сабырға шақырып, зорға басып, қайтарды.

Енді қалалық сот шешімін күтеміз!

Ақиқат үшін алысып, абақтыда бір жылдай жазықсын жатқан арыстарымызға Алла жар болсын!

ЕР ҚАДІРІН білмеуің емес пе бұл?

Дат!
Дат Таксыр!
Датымыз бар тыңдасаңыз, Асқақтап халқыңменен мың жасаңыз. Бұл елің хан көтермес кілемге сап, Халқыңа мойыныңыңды бұрмасаңыз, Қазақтың қамын ойлап тұрмасаңыз. Ер қадірін білмеуің емес пе бұл? Ерлерді түрмеге сап қинасаңыз. Ер туғызған халқыңның зарын айтып, Атынан кара орманның үн қосамыз. Дат таксыр!
Датымды айтам тыңдасаңыз!!!
Нұрислам Ердің аты еңіреген, Қайтса пайдам тиеді деп еліме мен, Түн ұйқысын төрт бөліп мұз жастанған, Бағы басым ұл екен сорыменен. Атка мініп тізгінді қолға алғанда, Қарсыласқан көп бопты оныменен. Оны қолдап қуаттау былай тұрсын, Жүрмепті оның салған жолыменен. – Бір триллион теңгенің жолын салдық, Еш жұмысың болмасын жөніменен. Сол сомманы бізге алып бермесеніз, Онда ісіміз болады сеніменен, – деп алдын Нұрисламның кескестепті.

Нұрислам:
– Қолың оған жетпес – депті, Кеудемде жаным тұрса ақтық сөзім, Халықтың несібесі қорқаулардың, Қолыңда бей-берекет кетпес – депті. Бары осы бар бәленің дауға айналған, Ерегісіп екі жақ жауға айналған!
«Екі ортада шыбын өлді...» енді қайттік, Қайран далам қазақтың бақ пен соры, Төсің қақсып қалар ма бауға айналған...
...Сот залы айласы асты жемқор топтың, Қарғадай қызығына тойған боктың. Нұрислам кісендеулі темір торда, Үстіңде отырғанды деп пен шокта. Қорқаулар отыр күліп миығынан, Көзінің қырын салып қиығынан. Нұрислам қасқаяды мәртебелі сот, Жатқанда сұрақ қойып жиі бұған. Бұл жағдай түсі емес, өңі болып, Тұрғанда болмас сірә жолы болып. Қолыңда қанжарың Нұрисламның, Жіберең ед ақиқатты орып-орып! Жолығып айтып еді ол адамына...
Өтерме өкпе айтып қоғамына. Жаратқан бұл қорлықтан артық дейді, Соғыстың өтінде өлген одан мына. Қарагер басын салып майда жалды, Жабы емес жарысқанда қапқан шаңды. Мұзбалақ торға түсіп тыпырлайды, Аңсайды айдын көкте самғағанды. Баранды құсалықпен өтіп жалған, Заман-ай дақ іздеген аппақ қардан! Елге деген жақсы ісінен қайыр болмай, Шемен боп жүрегінде қатып қалған! Кезікпей сұм тағдырдың сараңына, Жолығып айтқан елдің адамына. Содан кейін де оны қорлап жатса, Не айтамыз қаз қамы, заманмедегі, Толарсақтан соғ кешкен түрмедегі, Батыр ұлдың болмай ма бір керегі. Нұрислам еді ғой оның аты, Нұрдың тимей кетер ме бір көмегі?!
Уа, Хан Ием елдің бер сұрағанын, Екі жүз мың хат жазылды бұда мәлім. Екі жүз мыңның бірі боп бізде жаздық, Хан Ием табыңызшы бір амалын!! Көп болып Ел атынан сұранамын!!!

Елбасымыз Н.Назарбаев: «Терең білім – тәуелсіздігіміздің тірегі, ақыл-ой азаттығымыздың алдаспаны» деп жастарымыз білімді болғанды ғана болашағымыздың баянды боларын тілге тиек еткені белгілі. Сонымен қатар, Тұңғыш Президентіміз бұған дейін Қазақстан халқына жолдаған «Әлеуметтік бес бастама» атты үндеуінің үшінші бастамасында: «Жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту» деп жоғары білім алып жүрген болашақ мамандарға айрықша көңіл аударғаны бар. Осынау игі бастама ел тізгінін ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ұстаған сәтте де жалғасын тауып, осы бағытта қарқынды жұмыстардың атқарылуына ұйытқы болды. Бүгінде ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтың қолға алуымен жекеменшік жоғары оқу орындарының жұмысы сараланып, саннан сапаға көшу мәселесі қарастырылып жатқаны да көңіл қуантады. Жоғары оқу орындарының арасында білікті мамандарды даярлау ісінде алдыңғы шептен көрініп келе жатқан университеттердің бірі де бірегейі киелі Түркістанның төрінде орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. Таяуда ғана Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 15-қаңтардағы Жарлығымен ерекше мәртебеге ие болған білім ордасының тыныс-тіршілігіне азкем тоқталуды жөн санадық.



ТҮРКІ ЖАСТАРЫНА ОРТАҚ ШАҢҒЫРАҚ



XXI ғасырдың ірі жаңалықтарының бірі – Түркістанның түркі әлемінің мәдени-рухани орталығы атанып, жаңа облыс орталығы болуы. Мұсылман әлемі қасиетті санаған Түркістанның екінші тынысы ашылып күннен-күнге дамып келеді. Киелі шаһарда орналасқан Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің де қаланың дамуы мақсатында бой көтерген жоғары оқу орны екені сөзсіз.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың тапсырмасымен рухани астанамыз – Түркістан қаласын өркендету мақсатында 1991 жылы 6-маусымда Қожа Ахмет Ясауи атындағы Түркістан Мемлекеттік университеті болып құрылды. Ал 1992 жылы 31 қазанда Елбасымыздың бастамасымен сол кездегі Түркияның Премьер-министрі С.Демирелдің қолдауымен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті болып қайта құрылды. Осылайша, Ахмет Ясауи университеті – түркі тілдес мемлекеттер арасында халықаралық мәртебеге ие болған тұңғыш білім-ғылым ордасына айналды.

Университет ашылғалы бері инфрақұрылымды дамыту жұмыстары тоқтаған емес. Студенттік жатақханалардың жалпы саны оған асыды. Жатақхана салу жоспарланып отыр. Оқу корпусы, ерекше үлгідегі кітапхана, медициналық клиника, студенттік асханалар, спорт комплекстері, мәдениет орталығы тағы басқа да заманауи үлгідегі кампустар архитектурасымен көз тартады. Университеттің Ботаникалық бағы 88 га жерді алып жатыр. Сырттан қарағанда қала ішіндегі қала деп танырқай қарайсың.

Университеттің дамуы әрдайым Үкіметіміздің назарында болып, Түркия Республикасы тарапынан да белсенді қолдау көрсетіліп келеді. Қазіргі таңда 9992 студент білім алады. Атап айтқанда 19 елден 40-тан астам ұлтының өкілдері бакалавриат, магистратура, резиден-тура және доктарантура бойынша 11 факультетте білім алып жүр. Университетте бір мыңнан астам оқытушы-профессорлары жұмыс істесе оның 5 пайызы Түркиядан келген оқытушылар. Сонымен қатар 6 ғылыми-зерттеу институты, 4 аккредиттелген ғылыми-зерттеу зертханасы және 4 ғылыми журнал бар. Университет түркі әлемінің түкпір-түкпірінен келіп білім алатын жастар үшін алтын шаңыраққа айналды.

ОҚУ ОРНЫНЫҢ ЕРЕКШЕ МӘРТЕБЕСІ ЗОР ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮКТЕЙДІ

Елбасымыздың өзі құрылған сәттен бастап айрықша мән беру отырып, «Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Түркістанды түркі дүниесінің ортақ білім шаңырағына айналдырады» деп зор сенім артқаны ел есінде. Бүгінде осынау сенім үдесінен шыққан оқу ордасы ерекше мәртебеге ие болып, абыройы одан әрі асқақтау үстінде.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры Болатбек Абдрасилов:

– Екі мемлекеттің шешімімен құрылған оқу ордамыз киелі Түркістанда ашылуының өзіндік тарихи орны бар екендігін білдіреді. Біздің университет негізін Ясауи ілімдерінен алатын, сол кездегі медреселердің жалғасы деп қарасақ та болатын сияқты. Университетіміз Елбасы Н.Назарбаевтың жарлығымен ашылды, еліміздің Президенті Қ.Тоқаевтың 2020 жылғы 15 қаңтардағы Жарлығымен ерекше статуска ие болып отырмыз. Университеттің ерекше мәртебесі бізге академиялық және басқарушылық дербестік бере отырып, диссертациялық кеңес ашып, PhD, доктаранттарын өзіміздің қорғауға, дәрежесін тағайындауға, білім беру стандарттарын, бағдарламаларының мазмұнын анықтауға және жеке үлгідегі

дипломдарды беруге мүмкіндік жасайды. Білім беру грантының құны да артатын болады. Бұл профессорлық-оқытушылық құрамның жалақысын арттыруға және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жаңартуға мүмкіндік береді. Бұл шаралардың барлығы университетке ғылыми және педагогикалық кадрларды тартуға, осы аймақтың дамуына серпін беріп, оның алдына қойылған мақсаттарға жетуге ықпал ететін болады.

Университет миссиясы – Түркі тілдес мемлекеттер мен қауымдастық жастарына бір шаңырақ астында сапалы білім беру және инновациялық оқыту мен ғылыми зерттеулерде көшбасшы болуы.

Университеттің I вице-президенті Жәніс Тоғар:

– Ерекше мәртебе алу оқу орнымыз үшін өте маңызды, қуанышты жаңалық. Біздің университетіміз ерекше мәртебеге ие болып отыр. Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік дүниесінің ақсақалы Н.Назарбаевтың қолдауына және Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевқа алғыс білдіреміз. Ахмет Ясауи бабамыздың кесенесінің жанында түркі әлемінің рухани астанасында қызмет етіп жатқанымызға қуаныштымыз.

Бүгінгі күні әлемнің бірде-бір мегаполисі бірегей мазмұнмен толтырылған және сұранысқа сай кәсіби мамандар даярлауды дамытудың бағыттарын анықтайтын ғылыми және білім беру мекемесі болмаса, экономикалық орталық болмамайды. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев бұл мәселеге, яғни, білім беру сапасын



арттыруға, оның халықаралық стандарттарға сай болуына, ғылым мен білімнің интеграциясына баса назар аударып отыр. Бұл, әсіресе, түркі әлемінің мәдени-рухани орталығы болу және Түркістан облысының білім беру – ғылыми хабы ретінде даму міндеттері тұрған Түркістан қаласы үшін өте маңызды.

БІЗ, УНИВЕРСИТЕТТІ КӨТЕРМЕЙ, ТҮРКІСТАНДЫ КӨТЕРЕ АЛМАЙМЫЗ!

Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев ерекше мәртебеге ие болған оқу орнының профессорлық-оқытушылық құрамын осынау айтулы қуаныштарымен құттықтай отырып, университет пен облыс әкімдігі бірлесіп атқарылатын стратегиялық жобаларымен бөлісу, оқу орнының ғалымдары жүзеге асыратын екі жақты ғылыми-инновациялық жобаларды жаңа қарқынмен дами бастаған өңір игілігіне жұмсау мақсатында Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне арнайы ат басын бұрды.

– 2020 жыл жағымды жаңалықпен басталды. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті ерекше мәртебеге ие болып отыр. Осы айтулы оқиғамен баршаңызды шын жүректен құттықтаймын. Бауырлас екі елдің достығының айқын көрінісіне айналған осы оқу ордасы

еліміздің ең алғашқы халықаралық оқу орны болып саналады, Түркістан үшін университеттің маңызы өте зор. Әрбір қала, әрбір өңір, әрбір мемлекет үшін жоғары оқу орындардың нәтижесі бар. Бұл университет жас, потенциалы жоғары. Оқытушы-профессорлар құрамы да іріктеліп, қалыптасқан Халықаралық статусы бар. Біз, университетті көтермей, Түркістанды көтере алмаймыз. Енді барлығымыз жұмылып университеттің болашағына жұмыс жасайық, — деп облыс әкімі университеттің Түркістан үшін маңыздылығына тоқталды.

Түркістанның әлеуметтік-экономикалық дамуына университет ұжымының қосар үлесі айрықша екенін, осыдан біраз бұрын өзі атап өткен 4 бағытты бірлесіп жүзеге ашыру қажеттігін ескерсе болды. Біріншіден, Түркістан – қазақ халқы мен түркі тілдес елдердің ең ірі зиярат және туризм орталығы; екіншіден, Түркістан – әлемдік деңгейдегі колонер және шеберлер орталығы; үшіншіден, Түркістан – Ұлы Жібек жолының бойындағы; төртіншіден, Қожа Ахмет Ясауи – рухани тұлға. Міне, осы 4 бағыт бойынша университет ғалымдарының өзіндік үлес қосатынына сенім артты.

Жалпылай алғанда, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіндегі өзгерістер мен атқарылып жатқан жұмыстар алдыңғы қатарлы университет болуға бағытталған. Оқу орнында қарқынмен жүргізіліп жатқан күрделі трансформация тәжірибиесін еліміздің барлық университеттерін дамытуда қолдануға болады. Қазіргі таңда сайындап жатқан мемлекеттік басқару және Экономика Жоғары мектебі мен туризм саласында білім алып жатқан студенттеріміз Түркістанды дамытуға бағытталған әрбір іске атсалысуға толығымен әзір деп айта аламыз.

Әльмира АРТЫҚБАЕВА
Қ.А.Ясауи атындағы
Халықаралық
қазақ-түрік университеті





Асқар АҚЖОЛОВ,
Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы «Жаңабазар» ауылдық округінің әкімі:

ҚОҒАМДЫҚ САНА – ҚОЗҒАУШЫ КҮШ

— Асқар Қуандықұлы, жасыратыны жоқ еліміз бойынша ауылдық жерлердің жағдайы айтпаса да белгілі. Көптеген ауылдарда білім мен мәдениет ошақтарын былай қойғанда жөні түзу жол, электр қуаты, тіршілікке аса қажет ауыз су таларшымыздан көріп жатамыз. Ондай мәселелер сіздің «Жаңабазар» аулына соқпай, жанай өтіп кеткенге ұқсайды...

— Еліміздің басына түскен қиындықтар «Жаңабазарды» айналып өтіп кетті деуге бола қоймас. Бұрындар ондаған жылдар бойы қалыптасқан экономикалық байланыстардың үзілуі біздің елімізге ғана емес, бүкіл одақтас республикалардың барлығына ауыртпалықтар әкелгенін көзімізбен көрдік. Біз де шет қалған жоқпыз. Рас, жаңа әлеуметтік жүйе алдында ауылдарымыздың әлеуметтік-тұрмыстық деңгейі тұрақты болды. Осы мәселе туралы сөз қозғалғанда мына бір болған оқиға есіме түсетіні бар. Еліміз тәуелсіздікті алған алғашқы жылдардың бәріне айтқанда іссапармен жүрген ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Жаңабазар» елді мекеніне де келгенді. Бұл 1997 жылдың ақпан айы болатын. Халықтың еңбегін бағалап, тұрмыс тіршілігін көзімен көріп, ауылымыздың ажарына риза болған мемлекет басшысы «Коммунизмді екен ғой!» деген еді. Бұл әзіл аралас айтылған сөздің астарында ақиқат бар болатын. Табиғаты тамылжыған, таулы, өзенді, жасыл желекке малынған Қазығұрт өңірінде орналасқан біздің ауыл шынында да жұмаққа ұқсайтын. Ол кезде совхоз тарамаған, ауылымыз «Коммунизм» деп аталатын. Қазір «Жаңабазар» ауылдық округі болып қайта құрылды. Бүкіл еліміздегідей түрлі қиындықтарды басымыздан өткеріп, жаңа заманға сай бәрін де басынан бастауға тура келді. Ауылымызда атамзаманнан бері келе жатқан базар бар, ол да кеңейтіліп жаңартылды. Әр жексенбі сайын тұрақты түрде өткізіліп тұратын үлкен жәрмеңкеден әркім өз керек-жарағын сатып өткізеді. Қазақтың ат қоюға қашан да шебер екені белгілі. Содан да болар, бұл базардың атымен елді мекен «Жаңабазар» деп аталып кетті.

— Демек, бүгінгі қол жеткен табыстарыңыз оңайлықпен келмегені ғой?..

— Әрине, еш нәрсе өздігінен келмейді. Жекешелендіру науқанынан соң ежелден келе жатқан ұжымдық, қауымдастық деген ұғымды жоғалтып ала жаздағанымыз шындық. Жеке шаруашылық кеңестік кезеңде де болған, бірақ адамдар бірінші

кезекте ұжымдасып, еліміздің ортақ табысы үшін еңбек еткені белгілі. Жаңа жүйені жекебастың қамы ғана деген түсінік пайда болғаны да жасырын емес. Ал ондай ұғыммен алас қыры алмаймыз. Бірінші кезекте, белгілі бір дәрежеде ортақ мақсат деген болуы міндет. Ауылдың көркейіп, дамуына оның әрбір адамының қосқан мол үлесі бар. Біздің адамдарымыз еңбеккер, бұл басты қасиет, оны алдымен бөлек-жара айтуымыз керек. Ауылдан қоныс аударушылар жоқ, керісінше бізге көшіп келушілер баршылық. Адамдарымыз негізінен бұрыннан өздеріне етене жақын ауыл шаруашылығымен айналысады. Оның ішінде төрт түлік пен егін, бау-бақша өсіріп, өзге де өндірістік бағыттағы жеке кәсіптерімен шұғылданады, сол арқылы ауылдың дамуына ықпал етеді. Соңғы жылдары Үкімет қаулысы бойынша жыл сайын ауыл әкімдіктеріне 4-ші деңгейлі бюджет қаражаты берілетін болды. Олар

— Мектеп демекші, ауылдарыңызда білім беру саласының жағдайы қалай болып жатыр?

— Бүгінгі заман білектінікі емес, білімдінікі екені жалаң бәйге аян. Білімді жастарымыз көп болса — еліміздің болашағы да жарқын болмақ. Ал, елдің болашағы жастар екені де белгілі. Сондықтан сапалы білім, саналы тәрбие беру ісі назардан тыс қалмауы тиіс. Қолдан келгенше бұл салаға барынша көңіл бөліп келеміз. Жаңабазар ауылдық округіне қарасты қазірдің өзінде 5 балабақша бар. Адам санының өсуіне байланысты олардың саны артып келеді деген ойдамыз. Сол сияқты жас ұрпаққа жалпы орта білім беретін мектептеріміз әрбір ауылымызда жұмыс істейді. Жаңабазар ауыл округі бойынша Үлгілі елді мекенінде және Жылыбұлақ ауылында әрқайсысы 300 орындық мектептеріміз бар. Тұрғындардың талабы бойынша Тілектес елді мекенінде де 150 балаға арналған жаңа

кен» кіші бағдарламасы аясында жалпы сомасы 80 млн. теңгеге демеушілік көрсетіп, «Жер Ана» монументі мен әскерилерге арналған ескерткіш орнатты. Ауыл тұрғындарының ежелгі мекеніне қайтып орналасуына қолдау беріп, оны абаттандырып халық игілігіне жаратты. Үлгілі елді мекеніндегі «Суан баба» кесенесі мен демалыс аймағын жаңғырту мақсатында демеушілер есебінен қайта күрделі жөндеу жұмыстары жүргізді. Жергілікті халық үшін маңызды зор, киелі орындарды қалпына келтіруді қолға алған есебінен Ш.Нұрпейісов өз қаржысы есебінен «Қара ағаш» тарихи орнына абаттандыру, көшет егу, қоршау жұмыстарын атқарды. Тағы бір азаматымыз Б.Қыдыралиев елді мекендерді көгалдандыру мақсатында өз қаржысынан жалпы аумағы 12 гектар ауыл шаруашылығы мақсатындағы тиімсіз жерлерді ретке келтіру арқылы 10500 түп түрлі жеміс және декоративті ағаштарды егіп, өз үлесін қосты.

Рухани жаңғырудың мазмұны мен ауқымы өте кең. Жетімін жылатпаған, жесірін қаңғыртпаған қазақ ұлтының қанында қайырымдылық деген жақсы бір қасиет бар. Мейрімділік танытып, қамқорлық жасау тек қана қалтасы қалын емес, алдымен рухани жағынан бай, үлкен жүректі, таза ниетті адамдардың қолынан ғана келеді. Бұл ата-бабаларымыздан жеткен асыл қасиет, соны бүгінгі ұрпағы сақтап дамыта білуі керек.

«Жаңа форматтағы атаулы әлеуметтік көмек» жобасы арқылы 15 отбасына шартсыз ақшалай көмек көрсетілді. Бірнеше отбасына үлкен ірі қара мал, қой-ешкілер таратылды. 14 отбасына 264 бас құс алса, бір отбасына автокөлік дүкенін ашуға көмек көрсетілді. Мұндай әлеуметтік қолдаулар жыл сайын көрсетіліп келеді. Жалпы мемлекетімізде «Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі» деген ереже бар. Оның негізгі мақсаты — кәсіпорындар тұрғындарға жан-жақты қолдау жасау. Ауылдың кәсіпкерлері осыған сәйкес тұрмысы төмен отбасыларға ұдайы қаржылық немесе азық-түлік түрінде ұдайы жәрдем беріп тұрады. Олардың қатарында «Қайып ата» ЖШС директоры С.Ертаев. «Арай» май зауытының директоры Ә.Қозыбаев, жеке кәсіпкерлер Б.Төлендиев, А.Мырзақұлов, Ә.Балабеков секілді тағы да танымал басқа азаматтар бар. Ауылымыздан шыққан осындай қамқоршы кәсіпкерлердің арқасында тұрмыстық жағдайлары төмен отбасылардың жағдайлары тұрақты бақылауға алынды.

— Асқар Қуандықұлы, әкім болу, көпшілік тілін табу, ел басқару жөні жұмыс емес. Өз қызметіңізде нені басты мәселе деп ойлайсыз және күнделікті жұмысыңызда кімдердің көмегіне жүгініп, кімдерге арқа сүйейсіз?

— «Отбасы — шағын мемлекет» деген қалыптасқан ұғым бар. Яғни, әрбір отбасы мемлекеттің бәрі бөлшегі. Сол сияқты аудан, облыс және әрбір ауыл да қоғамның ажырамас құрамы. Мемлекеттің қуатын арттырып, елдің дамуын қамтамасыз ететін де сол адамдар, сол қоғам мүшелері. Ал оны басқаратын әкім бе, министр ме, директор ма қарамағындағы үлкенді-кішілі қауымды ұйымдастырып, нақтырақ айтсақ қоғамдық сананы қалыптастырып белгілі бір мақсатқа жұмылдыра білуі қажет. Қоғамдық сана жоғары болса алынбайтын қамал болмайды, ол басты қозғаушы күш. Сонда ғана туған жерді түлетсем, қасымдағыларға қамқорлық көрсетсем, ұлтымның намысын қорғасам деген ізгі ниет пайда болады. Ал, жұмыс барысында кімнің көмегіне жүгінесіз деген сұраққа иек артпаймын. Сағалы, белсенді азаматтар баршылық. Одан қалды ақсақалдар алқасы сияқты ұйымдар бар. Бұл менің өзімнің жеке пікірім. Мысалы мені осы қызметке ақсақалдар алқасы, тұрғындардың өзі сенім артып ұсынған болатын. Ал көпшілік сенімін ақтау парыз, сол үшін қызмет етіп жүрмін.

Африза АЙТБАЕВА,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі





Қазақ – мыңдаған жылдардан бергі қалыптасу, даму белестерінен өткен ежелгі, байырғы ұлт. Қазақ ұлты – әлем өркениеті атты планеталық ғұлымның тарихи арналарының көрнектісі. Адамзат тарихының басталуынан бүгінгі сәтке дейінгі аралықтағы миллиондаған жылдар деректері қазақ халқының ата-бабаларынан кейінгі ұрпақтарына үздіксіз жалғасып келе жатқан ұлағатын айқын байқатады. Ол – ұлттық-отаншылдық дүниетаным ұстанымы. Қазақ ұлтының нағыз хандары – есін білгеннен бастап, егделеніп бақиға аттанғанға дейін ата-бабалар қалыптастырған ұлы қазыналарды, салт-дәстүрлерді, рухани құндылықтарды көзінің қарашағындай сақтап, ұрпақтардың жадына сіңіріп, кейінгілерге аманат етумен келеді. Қазақтың ұлттық тарихындағы рухани құндылықтарды ұлықтау дәстүрін дамыта жалғастырып келе жатқан сондай ұлдарымыздың – хандарымыздың бірі – Берік Жүсіпов.

Берік Мырзалыұлының берік ұстанымы – Алла сыйлаған табиғи дарынының аясындағы істерді жүзеге асыру: біріншісі – табиғи дарыны мен нағыз жырау дәстүрін дамытқан үздік орындаушылық өнерімен халық мұрасын насихаттау; екіншісі – қазақтың ақындық жыршылық, әншілік, күйшілік дәстүрлі өнері салаларындағы рухани құндылықтарды жинау, кітап етіп жариялау, зерттеу еңбектер жазуы.

Ол байырғы сақ, ғұн, түркі өркениеті дәуірлеріндегі және одан бергі ғасырлардағы, біздің заманымыздағы фольклор мен әдебиет мұраларын жыршылық өнерімен үздіксіз жырлап келеді. Республикамыздың, шетелдердің сахналарында, телеарналарда, радио бағдарламаларында – оның бейнесімен үні көрермендердің көз жанарларына, тыңдаушылардың құлақтарына берік ұялады. Оның бейнесі де, үні де – қазақтың ұлттық келбетін, бүкіл болмысын елестетеді.

Берік – танымал ғалым. Оның қаламынан туындаған ғылыми-зерттеу кітаптары да қазақ тарихы, әдебиеттану, фольклортану, өнертану, этнография, т.б. – гуманитарлық ғылымдар салалары үшін маңызды үлес болып қосылды.

Мысалы, «Мырзастағы жыр мектебі» (1992 ж.), «Жиделі Байсын күйлері» (2000 ж.), «Сыр бойының жыраулық-жыршылық дәстүрі» (1999 ж.) т.б. кітаптары бар.

Беріктің зерттеу еңбектері бір-бірімен сабақтас өзекті мәселелерді камтуымен ерекшеленеді: біріншісі – қазақ әдебиеті тарихын құрайтын көрнекті ақын-жыраулардың шығармашылығы туралы тұжырымдары; екіншісі – ақын-жыраулардың мұраларын орындаушы жыршылардың термешілердің өнері ерекшеліктерін саралаулары; үшіншісі – қазақтың күй өнерінің табиғаты, күйші-орындаушылар, күйші-композиторлар туралы бағалаулары.

Қазақтың ақын-жыраулары – ұлтымыздың әуелгі пайда болуынан бастап, қалыптасуы, даму кезеңдерінің барлығында да барлық жастағы адамдарды рухани жігерлендіруші, тәрбиелеуші қызметімен дараланған қайраткер, ұстаз-тәрбиеші тұлғалар. Шығармалары арқылы ұрпақтардың адамгершілік-имандылық қасиеттері иелері болуына ғасырлар бойы ықпал етіп келді, бұл қызметінің болашаққа да жалғасатыны айқын сезіледі. Берік қазақ әдебиеттануы, фольклортануы ғылымының бұрынғы-соңғы көрнекті зерттеушілерінің дәстүрін өзіндік үлесімен жалғастырып жүр. Арал теңізі жағалау атыраптарына мәлім Нұртуған, Жаңабеген, Жәмет, Дәріғұл, Нартай, Құлжан, Смағұл, Мұзарап, Әбілхан, Мырзалы және т.б. ондаған ақын-

(шамамен XVIII ғ.), Бекпенбет (шамамен XVIII ғ.), Қоңырат Әлшекей (1847-1932), Тама Әкімгерей (1978-1932), Құрақтың Досжаны, Шыналы (1913-1982), Қаражанның Төлегені, Исламбек, Үсен төре (шамамен XIX-XX ғғ.), Шал мырза (1850-1934), Жалдыбай Елеукеұлы (1894-1945), Қазанғап Тілепбергенұлы (1854-1927), сонымен бірге күйші-орындаушылар (Нәби, Балқашбай, Зайыр, Қобылаш, Қаппар, Әбдіқадыр, Нұржаубай, т.б.) туралы да алғашқы дерек-намалық-өнернамалық пікірлерін жүйеледі. Зерттеушінің күй өнерінің тарихына, жанрына байланысты өзіндік теориялық байыптаулары сонылығымен айқындалады. Ақын-жыраулар, жыршы-термешілер, күйші-композиторлар, күйші-

қайраткерлік» (2008 ж.), «Алты алаштың ардағы» (2008 ж.), «Дұл дұл ақын, дүр Манап» (2008 ж.), «Сыр – Алаштың анасы» (2008 ж.), т.б.

Беріктің ұлттық рухани құндылықтары ұлықтаудағы жүзеге асырған ғалымдық-қайраткерлік істерінің көрнекті көрсеткіштерінің қатарында классик ақындарымыздың мұраларын тұңғыш рет толық жинақтарын жариялауы айрықша маңызды. Базар жырау Оңдасұлының «Жамиғи қазақ бір туған (терме, толғау өлеңдер мен хикая-дастандар)» (2008 ж.), «Ізтілеуұлы Тұрмағамбеттің шығармалары» (2007 ж.) атты кітаптарын академиялық ғылыми басылым етіп жарыққа шығарды. Сонымен бірге ақын Орнықбай Сұлтановтың «Жанқожа батыр»

ҰЛТ ӨНЕРІН ҰЛЫҚТАҒАН

Берік Жүсіпов туралы үзік сыр



**ТЕМІРХАН
ТЕБЕГОНОВ,
ФИЛОЛОГ,
ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ
ДОКТОРЫ,
ПРОФЕССОР**

жыраулардың әдеби мұраларын жүйелеп, ғылыми байыптауларын жазды. Осы аталған ақын-жыраулар шығармаларын, жалпы қазақ фольклоры мен әдебиеті мұраларын халық арасында жырлап таратушылар, жыршы-термешілер өнері хақында да филология мен өнертану тұтастығындағы бағалау пікірлерін білдірді. Мысалы, Қызылбай Жұбатов, Үмбетәлі Сапаров, Берекет Омаров, Әбдікүл Әбиұлы, Қаппар Жармағамбетов, Темірхан Ерғалиев, Құдайберген Жасекенов, Набат Ойнарова, Рысбек Әшімов, Сұраған Мырзаев, Бекзұқ Тәңірбергенов, Демеубай Жолымбетов, Сәбит Омаров, Мұбин Биімбетов, Амангелді Сәрсенбаев және т.б. жыршы-термешілердің орындаушылық өнеріне туралы, алғашқы ой-тұжырымдарын жазды.

Берік Мырзалыұлы еңбектерінің көрнекті бір саласы – қазақтың күй өнері туралы зерттеулері. Мысалы, күйші-композиторлар Бәйімбет Шенжеғұл, Құрманғалы Төрөмұрат (шамамен XVIII ғ.), Домак Тәппет (шамамен XVIII ғ.), Асан Көнек

орындаушылар шығармашылығын өзара сабақтас, үндес болымымен байыптаған зерттеушінің «Жалпы Сыр бойы күйлерінің ерекшелігі олардың ән тектестігінде, жырға жақындығында», – деуі де дәстүрлі өнердің поэтикасын кешенді қарастыруға жетелейді (Жиделі Байсын күйлері, 275-бет). Зерттеуші ұзақ жылдар бойы өзі тірнектеп жинаған нақты деректерге сүйеніп, үнемі тын ойлар, тұжырымдар жасайды.

Зерттеуші Беріктің үздіксіз жарияланып келе жатқан мол шығарлы 100-ге жуық мақалалары да талантты зерттеушінің зерделі ойларының кендігін аңғартады. Мысалы «Мен жырмен ауырған» жанмын (1998 ж.), «Боздақ әнші» (2001 ж.), «Би Алмағ, батыр Алмағ, Сахи Алмағ» (2001 ж.), «Қолдан Қобыланды жасау кімге керек?» (2003 ж.), «Қазанғап қай өңірдің күйшісі?» (2004 ж.), «Айтыстың Арқадағы ақтабаны» (2004 ж.), «Шаһнама туралы» (2006 ж.), «Тапал ахун және Сыр бойындағы діни

тарихи поэмасын да құрастырып жарыққа шығарды (2006). Бүл – қазақтың ұлттық сөз өнері мұраларының ұрпақтардың мәңгілік жан азығы болуын жүзеге асырудың нақты көрсеткіші.

Қазақ тарихындағы жырау атауы шығармашылық ақындық өнері мен қоғамдық-әлеуметтік қайраткерлік қызметі тұтаса танылған тұлғаларға берілген. Асан Қайғының, Шалкиіздің, Доспамбеттің, Марғасқаның, Қазтуғанның, Жиёмбеттің, Тәтіқараның, Бұқардың және кейінгі кезеңдердегі жекелеген солар тектес тұлғалардың жырау аталуы себебі осындай шығармашылығы мен қоғамдық-әлеуметтік қайраткерлігі тұтаса танылған ақиқат.

Берік – қазақ тарихындағы нағыз жыршы-жырау. Ол табиғи дарыны жыршылығы арқылы қазақ ақын-жырауларының мұраларын бала кезінен жырлаумен келеді. Сынақ сінді болған атакты ақын-жыраулардың авторлығымен қалыптастырған дәстүрлі өнер мектебі жолындағы сарындарды, саздарды, мақам-әуендерді өзі орындайтын толғау-термелер мәтіндеріне қолданудың өзіндік үлгісін қалыптастырды. Еш-нияз сал Жөнелдікұлының, Базар Оңдасұлының Жиенбай Дүзбенбетұлының, Мұрат Мөңкеұлының, Сәрсенбай Бөртебайұлының, Нартай Бекежанұлының, Нұртуған Кенжеғұлұлының, Тайжан Қалмағанбетұлының, Болман – Қазақ даласының және т.б. мақаттарындағы жырғаулық-ақындық өнер шығармаларын байырғы және соңғы құбылыстарын сақтай орындауы – Берік ұстанымының шабытты қуаттылығын дәлелдейді. 1990 жылы жарық көрген «Жыр күмбезі» атты күй табығы да оның жыршылық-термешілік өнерін халыққа таныта түсті.

Берік Мырзалыұлы бала кезінен басталған, қазіргі жалын атқан





жігіттік шағына ұласқан кезеңіне дейін сан ғасырлық тарихындағы ақын-жыраулардың лирикалық ән-өлеңдерін де, дидактикалық-философиялық толғау-термелерін де, эпикалық кысса-дастандарын да ұлттық-классикалық дәстүрлі өнердің кемел деңгейінде орындап танытып келеді.

Қазақ фольклорының және ақын-жыраулар мұраларының үлгілері – адамзатты имандылық-адамгершілік ұлағаты рухымен тәрбиелеу құралы. Адамдар санасына эстетикалық-психологиялық әсер-ықпал жасайтын ақын-жыраудың шығармашылық болмысын терең пайымдаған, ұлттық өнердің мұраларының толыққанды қалпын сақталуын ойлаған ғалым-қайраткердің тұжырымдары ұлт құндылықтарын бағалаудың жаңашыл сипатын аңғартады:

«Мәдени құбылыс ретінде жырауды ұлы теңізге теңесек болады. Ал, оның қазіргі өнер түрлерін сала-сала бөлініп кеткен теңізге құяр тұстағы сағаларына балай аламыз. Жырау өнерін зәулім бәйтеректің дініне бала сақ, оның берері мол бұтақты саясын қазіргі өнер түрлеріне бағыштауымыз лайық.

Қазіргі өнер салаларын және оның аймақтық ерекшеліктерін абсолют дәрежесіне көтеру-киіз үйдің қай сүйегі қадірлі деген мағынасыз салыстырумен бірдей. Себебі, жырау – киіз үйдің тұтас сүйегі...

Жырау шығармашылығының құрылысы – оның тікелей міндетіне байланысты туындайтын құбылысы. Ал, ол міндет жалқы емес, жалпы міндет, әрі кезек құттырмейтін деп те, күй деп те, өлең деп те қабылдауға болады.

Ғасырлар бойы қалыптасқан саз бен сөз үлгілерін мақсатты түрде пайдалану – жырау шығармашылығының басты ерекшелігінің бірі. Себебі, ол – дәстүр иегері. ...

Жырау шығармашылығына аймақтық тұрғыда баға беру – түбірімен, қате көзқарас. Себебі,

бұл мәдени типтер – әр заманның өкілдері. Құрмашылығы әлеуметтік ой-пікірді реттегіш (социорегулятор). Ал, жеке адамның мінез-құлқы мен қоғамның мінез-құлқы сәйкес келе бермейтіндігі белгілі. Профессионалдық ән-күй мен жыраулық ән-күй әртүрлі мінез-құлқы, көңіл-күйлерді бейнелегендіктен, жырау – мемлекеттік қайраткер, ал, әнші-күйші – қауымдық қайраткер. Бірақ, сахарада хандық билік жойылуына орай былайғы жерде жырау қызметі де өнерпаздыққа, қауымдық қызметке ойысты. Бірақ, жыраудың әні мен күйінде биік пафос пен өршіл жүзі ілкі мағынасын сақтап қалды. (Жүсіпов Б. Жиделі Байсап күйлері. Оқу құралы. – Алматы: Ғылым, 2000. – Б. 62.).

Берік Мырзалыұлының шығармашылық жолы бірнеше кезеңдерден құралады. Біріншісі – Арал теңізді жағалауына жақын Ақданы, одан кейін Жалағаш ауданындағы Аққошқар ауылдарында өткен балалық шақ; екіншісі

– Құрманғазы атындағы ұлттық консерваториясындағы студенттік, одан кейінгі Ж.Елебеков атындағы эстрада-цирк колледжінде оқытушы, консерваторияның «Халық әні» кафедрасы меңгерушісі қызметі; үшіншісі – «Жетісу» акционерлік қоғамында, «Тайқазансервис» мекемесінде менеджер, 2004-2006 жж. Нұр – Мүбәрак Египет – Ислам мәдениеті университетінің докторанты, «Қазақстан» телерадио корпорациясындағы журналистік шығармашылық қызметі; төртіншісі – Қызылорда облысы мәдениет басқармасының бастығы екендігі.

Өзбекстандағы Тамды Тауелібай атырабынды фольклор мен әдебиет мұраларын жинап, эпик жыршылар өнері дәстүрін насихаттауға да жаңа серпін әкелді.

Мәдениет саласында басшылық қызметке болған кезеңіндегі ұйымдастырып өткізген жұмыстары да уақыт талабымен үндескен сипатымен танылды.

1925-1929 жылдары Қазақстанның астанасы болған Қызылорда қаласының тарихи шежіресін жинақтап, мемлекетіміздің жаңа Елордасының 10 жылдық мерейтойына арнап Президент музейінде өткізілген «Сыр бойы – тұнған шежіре» тақырыбымен облыстық тарихи-өлкетану музейінің экспонаттары бойынша қойылған көрменің де тағылымы – әсері мол болды.

Облыстық филармонияның жанынан бишілер, «Сырдария» атты фольклорлық-этнографиялық ансамблы топтарын құрды. «Жанкент» фоль-эстрада тобы да іске қаресті. Облыс аудандары орталықтарындағы, ауылдарындағы 208 кітапханаларды жөндеулерден өткізу, ұлттық және әлемдік классикалық көркем әдебиет шығармаларымен толықтыру қолға алынды. Облыстық тарихи – өлкетану музейіндегі экспонаттарды толықтыру, жинақталған жәдігерліктер, негізіндегі республикалық, облыстық ғылыми-теориялық конференциялар өткізу де жүзеге асырылды. Мысалы, ислам діни оқымыстыларының бірі ахун Нұрмұхамед Қадырұлының 160 жылдық мерейтойы негізінде «Таппал ахун және Сыр бойындағы діни қайраткерлік», көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 110 жылдық мерейтойына арналып «Темірбек Жүргенов – алты Алаштың ардағы», «Қазақ фольклорының жауһары – «Қыз Жібек» жырына 500 жыл» атты ғылыми-танымдық конференциялар өткізілді. «Қазақстан – патшалар қорғанының мекені» атты суретшілер пленэрін (французша

plein air – ашық ауа) – күннің жарығының және атмосфераның себепші болуынан ауа ортасындағы өнер туындыларының қайта жаңғыртылуы) өткізілуі де ІХ–Х ғғ. Сырдария өзені орта, төменгі ағысы жағалауларындағы оғыз-қыпшақ өркениетіне, ондағы қалалар (Жанкент, т.б.) мәдениетіне арналған туындыларға жаңаша бағдар ықпалын жасады. Ежелгі ғасырлардағы қазақтың отырықшылық мәдениетінің көрнекті орталықтарының бірі «Шірік Рабат» қалашығында ашық аспан астында өткізілген көрме-конференция да жаңа ізденістерді қорытудың, жинақтаудың жаңашыл бастамасын айқындады.

Қазақ әдебиеті мен театр, бейнелеу өнері салаларындағы көрнекті тұлғалар тұғырында танылған қаламгерлер Сайлаубай Жұбатыровтың, Абдул-Хамид Мархабаевтың, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Әлия Арысбаеваның мерейтойлық кештерінің, әйгілі композитор Кеңес Дүйсекеевтің шығармашылығына арналған «Туған жер» атты республикалық композиторлар мен әнші орындаушылар конкурсының өткізілуі де жұртшылықтың ризалығына ие болды. Берік облыстық мәдениет саласын басқарған кезде облыс көлеміндегі 560-қа жуық тарихи, архитектуралық ескерткіштерді фотосуретке түсіріп, халыққа кеңінен таныстыру, жаңаша зерделеу жұмыстары қолға алынды. Республикаға мәлім эпик жыршылардың арнайы фестивалін өткізу де өнердің халықтық дәстүрлі тағылымын нығайта түсті. Облыс орталығынан «Әртістер үйін» салу арқылы жеті ауданында және мемлекетіміздегі басқа аймақтарында жүрген талантты драма-театры әртістері мен әншілерді, басқа да өнер түрлері шеберлерін туған топыраққа топтастыру бағдарындағы іс-шаралар жоспарланды.

Қызылорда облысының 70, Қызылорда қаласының 190 жылдық мерейтойлары – мемлекетіміздегі азаматтардың барлығына ортақ мерекелер. Осыған байланысты 2008 жылдың 15 қыркүйегі мен 4 қазаны аралығында «Қазақстан – Сыр елі» тақырыбымен сіткен республикалық шығармашылар симпозиумы, сонымен бірге Алаш қозғалысының 90 жылдығына арнаған республикалық ғылыми-танымдық конференция да ұлттық-отаншылдық көзқарастар ұлағатын дәлелдеді.

Беріктің білікті ұйымдастырушы басшы тұғырындағы қызметінің тағы бір елеулі көрсеткіші – 2008 жылғы желтоқсан айының 1-4

жұлдызы аралығында Алматы қаласында «Сыр – Алаштың анасы» тақырыбымен Қызылорда облысының мәдениеті мен өнері клубының өткізілуі. Ол – орталық баспасөз клубындағы тақырыптық баспа сөз мәслихатымен басталды. «Қазақ концерт» бірлестігінің орталық концерт залында «Сырдан соққан күй-самал» атымен қойылған Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар оркестрі мен «Дидар» фольклорлық-этнографиялық ансамблінің, әнші-күйшілердің мерекешар, онші-күйшілердің мерекешар, онші-күйшілердің мерекешар болды. Дәстүрлі жыршы орындаушылардың «Сырдария саздары» концерттік бағдарламасы да, Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясындағы «Сыр елі менің» қорытынды гала-концерті де халықтық өнердің эстетикалық тағылымы қуатын айқындай түсті. Бұл – Берік Мырзалыұлының өз қызметі арқылы жыр мен әуез халық жүрегінің мәңгілік тұтастығы екендігін дәлелдеген көрнекті ісі.

Берік Жүсіпов – «Сыр бойының жырауы» жыршылық дәстүрі» тақырыбымен диссертация қорғаған зерттеуші, филология ғылымдарының кандидаты, доцент. Республикалық «Жігер» фестивалінің (1987), Халықаралық «Түрксойдың» Мұрагер» сыйлығының (1999), республикалық «Дарын» мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты.

Ол Алматы қаласындағы «Алатау» дәстүрлі өнер театрының басшы қызметін атқаруы кезінде де Қазақстан Республикасының барлық өңірлеріндегі дәстүрлі халық шығармашылығының өкілдерін әлем өркениеті кеңістігінде танылуында бірқатар іс-шараларды жүзеге асырды. Қазақстанның рухани жаңғырудағы қазіргі дамуына Ұлы Даланың бұрынғы-соңғы ата-бабалық құндылықтарын сабақтастыру бағдарындағы жаңашыл істерге лайықты бағдар бере білді. Қазақ фольклорындағы эпостық дастандар поэтикасына арналған зерттеулерін де жүйелі, нәтижелі жүргізіп келеді. Қазақтың рухани мәдениеті арнасында зерттеуші ғалым, білікті ұйымдастырушы басшы, фольклор мен әдебиет мұраларын шебер орындаушы жыршы-әнші, сөз және әуез (ән, күй) мұраларының тиянақты жинаушысы, т.б. – саналуан шығармашылық және қоғамдық-әлеуметтік қызмет тұтастығымен халқымызға танымал тұлға Берік – біздің заманымыздың нағыз жыршы-жырауы.

Қорытай айтқанда, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы Даланың жеті қыры» атты стратегиялық бағдарлы мақалаларының, «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының арнасында атқарылып жатқан игі нәтижелер – ұлтымыздың ұлықтаған қайраткер ұлдарымыз бен қыздарымыздың белсенді, білікті еңбектерінің көрсеткіші. Тәуелсіз Қазақстанның әлем өркениеті кеңістігіндегі мәртебелі биіктіктерге көтерілуі Берік Мырзалыұлы сынды дарынды өнер қайраткерлерінің саналы апаратын қызметі арқылы жүзеге асатыны ақиқат. Бұл – қазақ ұлтының өршіл талаппен, табиғи дарын-талантпен ғасырлар бойы сақталып, дамып, үздіксіз жалғасып келе жатқан ұлттық болмысының ұлағаты.

Міне, осы Бекен ер жыры елуге толып отыр. Біз ұлттық мүдде жолында аянбай тер төгіп келе жатқан еңбеккер, ізденімпаз інімізге толағай табыс тілегіміз келеді.



Бұған дейін ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасы бойынша «Педагог мәртебесі туралы» Заң жобасы әзірленгені белгілі. Өткен 2019 жылдың 27 желтоқсан күні тәуелсіз еліміздің 28 жылдық тарихында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жарлығымен тұңғыш рет мұғалім мәртебесі туралы заңның қабылдануы ұстаздар қауымын бір серпілтіп тастады. Елімізде жарты миллионнан аса ұстаз бар болғандықтан, аталған заң жобасы өте қызу талқыланып, түрлі ұсыныстардың нәтижесінде кем-кетігі де толықтырылды.



Еліміздегі қазіргі уақытта жүріп жатқан жаһандану мен индустрияландыру жағдайында экономиканың барлық салалары үшін кадрлар даярлауды жақсарту еліміздің мемлекеттік саясатындағы өзекті міндеттердің бірі болып табылады.

КӘСІПТІК БІЛІМНІҢ КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙІП КЕЛЕДІ

Экономика қажеттіліктеріне және өңірлік ерекшеліктерге сәйкес оқытудың, кәсіптік даярлаудың сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында WorldSkills қозғалысын дамыту жалғастырылады. «WorldSkills International» халықаралық қозғалысының негізгі мақсаты – жұмысшы мамандығының беделін көтеру, техникалық кәсіптер, оның ішінде жұмысшы кәсібінде деген жастардың қызығушылығын арттыру.

Түркістан облысының техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары принципалды жаңа білім беру бағдарламалары мен прогрессивті оқыту технологияларын енгізуді, педагогикалық құрамның сапасын арттыруды көздейді.

Жастарды кәсіптік даярлаудың үздік тәжірибелерін анықтау және оларды Түркістан облысының кәсіптік білім беру жүйесіне енгізу мақсатында облыстық адами әлеуетті дамыту басқармасы мен әдістемелік орталықтың ТЖКБ бөлімі Семей қаласындағы Электротехникалық колледж базасында облыстық ТЖКБ ұйымдарының командалары «Дәнекерлеу ісі», «Электромонтаждау», «Өндірістік автоматика» және «Инженерлік графика САД» құзыреттіліктері бойынша тағылымдамалар өтті.

Қазақстанның білім беру саласында әлемдік тәжірибедегі озық идеяларды басшылыққа ала отырып, жаңаша ойлай алатын білікті мамандарға қолдау көрсетуге бағытталған жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын таппақ.

Өткен жылы Нұр-Сұлтан қаласында еліміздің техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері арасында «WorldSkills Kazakhstan-2019» V Республикалық чемпионаты өткен-ді. Түркістан облысынан аталмыш Чемпионатқа 38 құзыреттілік бойынша қатысқан 33 студенттің 17 жоғары дәрежелі білімі мен кәсіби шеберлігін, қабілеті мен біліктілігін ұлттық аренада таныта отырып, 4 алтын, 2 күміс, 2 қола медалін және 9 «Үздік маман иесі» медалына қол жеткізген еді. Соның нәтижесімен жалпықоғамдық есеппен білгенің жылғы 14-ші орыннан уәдәлеттерді үштігіне ендік.

Пернекул ЕРҚАСЫМҚЫЗЫ,
Түркістан облыстық адами әлеуетті дамыту басқармасының баспасөз хатшысы

ҰСТАЗ МӘРТЕБЕСІ - ҰЛТ МЕРЕЙІ

Алаш ардақтысы Мағжан Жұмабаев: «Алты Алаштың басы қосылса, төрдегі орын мұғалімдікі» деп аса құрмет тұтқан мұраты биік мұғалім мәртебесінің заңмен бекітілгені елімізді, әсіресе, ұстаздар қауымын айрықша қуантты.

Аталмыш Заң жобасы аясында Алматы қаласы Наурызбай ауданы «№187 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде осыған орай арнайы дөңгелек үстел өткізілді. Танысу, талдау жұмыстарын жүргізіп, 6 бөлім, 21-баптан тұратын құжатты мемлекетіміздің ұстаздар қауымын қадірлеген айрықша қамқорлығы деп қабылдадық. Жиын барысында «Педагог мәртебесі туралы» заңға арнайы баптар енгізілгені, яғни, «Жалпы ережелерден бастап, «Педагогтың мәртебесі және оның педагогикалық қызметі», «Педагогикалық құқықтары», «Педагогтың міндеттері мен жауапкершілігі» сияқты негізгі бөлімдер педагогтың басты құжаты екендігі баса айтылды.

Ұлы ұстаз Ы.Алтынсарин: «Бізге жақсы мұғалім бәрінен қымбат, өйткені, мұғалім – мектептің жүрегі» дегеніндей, мұғалімдердің әлеуметтік жағдайлары туралы да заңда тайға таңба басқандай анық көрсетілгендігі, мұғалімнің мәртебесін көтеруді олардың айлық жалақыларын өсіруден бастағандығы ұстаздар мерейін өсіріп тастағаны анық. Ұжымның айрықша қанаттанып, еңбекке деген құлшыныстарының артқандығы байқалды. Енді ғарыштық қызмет қылар оқу бітірген озық жастардың да білім ордасына қадам басуы әсіресе, ер азаматтардың келуі мектепке тәртіп орнатып, ұлдардың ер

адам тәрбиесін көріп өсетіндігі көңіл қуантады.

Мұғалім мәртебесі көтерілуі үшін Заңның жай құқықтық құжат, яғни, декларация күйінде қалмай, ең алдымен – функционалды түрде толық орындалып, нақты іске асып жатқандығын көзіміз көріп, көңілімізге қуаныш ұялады. Қабылданған жаңа заң еліміздің барша ұстаздарына үлкен сеніммен қатар зор жауапкершілікті де жүктеді. Осы үлкен шырға, мәртебе биігінен көріну – әрбір ұстазымыздың міндеті. Тапсырылып отырған таудай сенім – біз үшін үлкен мәртебе!

Ұстаздардың құқықтарын кеңейту және өзіне тән емес жұмыстан босату, жүктемесін азайтуы мұғалімдерге оқушылардың таным-тәрбиесінде, білім сапасына аса мән беруіне жағдай жасалғанына ерекше мән берілді. Ең бастысы, мұғалім мәртебесінің заңмен бекітілгендігін мектеп ұжымы зор қуанышпен қабылдады.

«Бір әріп үйреткенге қырық жыл сәлем бер» деген қазақтың сөзі ұстазға деген ұлы сыйластық, құрмет тұтқан қағида екені анық. Қоғамдағы ең жоғарғы мәртебе ұстаз қауымына тиесілі екендігі – қоғамның ғылым-білімге деген саналы көзқарасы. Ал ғылымға деген немқұрайлы көзқарас қоғамның дамуын артқа тартып, көшімізді кенжелететіні сөзсіз. «Ұстазға құрметсіздік – ғылымға құрметсіздік» демекші, әлемдік ЮНЕСКО ұйымының 1966 жылғы мұғалім мәртебесі жөнінде: «Мемлекеттерге мынадай нәтиже қарастыру қажет: Егер педагогтың басы дауға қалатын болса, оған байланысты дау, тергеудің барысы және ол жөніндегі қабылданған шешімді жариялауға

руқсатты тек педагогтың өзі беруі керек», – деп айтылған ұсынысы мұғалімдерді құқықтық жағынан ерекше қорғайтын норма болып табылады.

Мұғалім мәртебесі – мемлекеттің мәртебесі. Ол болашақ президенттің, ғарышкердің, инженердің, ғалымның, мемлекетіміздің кез келген азаматының өмір жолына жолдама беретін тұлға. Қабылданған заңды қай жағынан алсаңыз да, саяси және әлеуметтік мәні терең, ауқымы үлкен. Иә, қазір бәсекелестіктің, дамыған технологиялар заманы. Әлемдегі барлық жаңашылдықтың бәрі осы білім-ғылым арқылы жүзеге асатыны белгілі. Міне, ең бастысы білімнің қайнар көзі ғылымның өсуіне едәуір септігін тигізетіні сөзсіз. Ғылым дамыса, қоғам да дамитыны ақиқат.

Біз, «№187 жалпы білім беретін мектеп» ұжымы «Педагог мәртебесі» Заңын толық қолдап қуаттаймыз және маңдай терімізді салып, аянбай жұмыс істейміз. «Бұл – болашағымызға құйылған инвестиция!» деп білеміз. Оқушыларымызға сапалы білім беріп қана қоймай, өзіміз де үздіксіз тал бесіктен жер бесікке дейін білімімізді жалғастырып, ұстаз деген ардақты атымызды абыроймен арқалаймыз деген бек сенімдеміз.

Индира ЕРЖІПТОВА,
Наурызбай ауданындағы
№187 жалпы білім беретін мектеп
директорының міндетін атқарушы

Нұрсұлтан ӘМІРБЕК,
Директордың оқу ісі жөніндегі
орынбасары

Алматы қаласы

САПАЛЫ МАМАНДАР ӘЗІРЛЕУ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА БАСТАҒАН ҚАДАМ

Сапалы мұғалім даярлау жолында Абай атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Такир Балықбаев бастаған басшылық осы күндері мектеп аралап, төртінші курс студенттерінің оқу-іскерлік тәжірибелерінің ашық сабақтарына қатысып жүр. Болашақ мұғалімдердің сабақ барысындағы ізденісімен толығырақ танысу мақсатында Алматы қаласы білім басқармасы, Жетісу аудандық білім бөліміне қарасты №43 жалпы білім беретін мектепке университет ректоры Такир Оспанұлы арнайы атбасын бұрды.

Ашық сабақтағы студенттер мен оқушылардың жетістіктері мен кемшіліктері туралы мектеп директоры аудандық білім бөлімінің мамандарымен ой бөлісті. Мектеп директоры және аудандық білім бөлімінің мамандары студенттер тәжірибесінің дұрыстығын және алдағы уақытта осы бағытта жүйелі жұмыс істей отырып жоғары нәтижеге қол жеткізе алатындығын атап өтті.

Абай атындағы Қазақ ұлттық

педагогикалық университеті 2019-2020 жылдың жаңа оқу жылынан бастап, диплом алатын күніне дейін бір жыл бойы оқу тәжірибелерін мектепте өткізу туралы шешім қабылдағаны белгілі. Осынау игі бастама аясында төртінші курс педагогикалық мамандықтағы студенттері Алматы қаласының мектептерінде тұрақты түрде мамандығының қыр-сырымен жете танысатын болады.

«Егер сапалы маман шығарамыз

десек, студент мектеп қабырғасында теориясымен практикасы қатар жүруі тиіс» деген ұстанымдағы университет ректоры Такир Оспанұлы өзі бастап, студенттерінің сабақ беру деңгейін тексеруге кірісті. Студенттерге берері мол осынау шара университеттік Мансап орталығының ұйымдастыруымен жүзеге асуда.

Алдағы уақытта Абай университетінің қолға алған пилоттық практикалық жүйесі еліміздің барлық педагогикалық оқу орындарына кеңінен таралады деген ойдамыз. Себебі, әлемнің осындай озық дуалдік жүйесі өз нәтижесін беруде.

Сапалы педагог – білім саласын дамытуға зор үлес қосатын басты тұлға. Әрі мемлекеттік сенімді дамуға әкелетін құбылыс.

Абай университеті осылайша



саннан сапаға көшу жолында студенттерін мектепте өндірістік іс-тәжірибеден өткізумен бірге профессорлық-оқытушылық құрамын да отыз сағатпен мектептерге жіберуді қолға алды. Бұл да өзіндік профессорлардың тео-

риясын бүгінгі мектеп білімімен үндесуі үшін қажетті шара болмақ.

Мақсат ЖАҚАУОВ,
Абай атындағы ҚазҰПУ
ректорының Жастар ісі
жөнінен кеңесшісі

Исторически территория Восточного Туркестана с давнего периода заселена уйгурами; Цинская династия покорила Восточный Туркестан в 1759 г. Весь XIX в. характеризуется многочисленными национально-освободительными восстаниями уйгуров за независимость. В 30–40 гг. XX в. эти земли также были охвачены выступлениями, восстаниями.

ООН: в СУАР лишены свободы около миллиона человек

ТЕРРОРИСТИЧЕСКИЕ АКТЫ

Окончательно подчинить себе регион КНР смогла в 1955 г. Тогда и был образован Синьцзян-Уйгурский автономный район (СУАР) КНР. В то время в Синьцзяне проживало всего около 200 тысяч китайцев, что составляло 10 % населения региона.

После развала СССР и образования независимых государств уйгурские националисты в Китае заговорили об отделении Синьцзяна от Китая и основании независимой республики Восточный Туркестан. Тогда же на этой базе прошли первые массовые этнические беспорядки в разных районах северо-западного региона.

В ответ Пекин стал переселять в этот район китайцев: ныне уйгуры составляют около 45 %, китайцы — около 40 %, прочие (казахи, дунгане, киргизы, монголы и т.д.) — около 15 %.

28 октября 2013 г. произошел теракт в Пекине. Внедорожник врезался в толпу прохожих, в результате чего погибли трое из них и 39 человек пострадали. Также на месте погибли три находившихся в автомобиле исполнителя теракта. Ответственность за теракт взяла на себя «Исламское движение Восточного Туркестана», выступившее за отделение Синьцзяна от КНР. Суд приговорил троих участников теракта к смертной казни, еще одного — к пожизненному заключению. Кроме того, еще четверо подсудимых, проходивших по этому делу, получили тюремные сроки от пяти до 20 лет. Несмотря на относительно небольшое число жертв, это нападение сотрясло основы китайской государственности.

1 марта 2014 г. на вокзале Куньмина в провинции Юньнань на юго-западе Китая произошла трагедия, когда восемь вооруженных ножами людей ворвались в переполненный пассажирский зал ожидания и начали беспорядочно наносить удары окружающим. Этот теракт унес жизни 31 человека, еще 141 получил ранения. Прибывшая на место происшествия полиция ликвидировала четырех нападавших, еще четверо были задержаны. Позже власти Китая назвали случившееся «террористической атакой», ответственность за которую возложили на сепаратистов СУАР.

После нападения в Куньмине полиция усилила меры безопасности. В последующие 5 лет в Синьцзяне были приняты самые жесткие и всеобъемлющие меры безопасности. Для этого широко используются современные технологии: распознавание лиц, устройства для сканирования содержимого мобильных телефонов, массовый сбор биометрических данных.

Власти ввели строгие наказания за демонстрацию приверженности исламу. Среди прочего, под запрет попали длинные бороды, закрывающие голову женские платки, религиозное воспитание детей и даже мусульманские имена. Эти меры отражают фундаментальный сдвиг в самом подходе государства: сепаратизм больше рассматривается не как проблема отдельных людей, а как общее явление, укоренившееся в культуре уйгуров и исламе в целом.

«ЛАГЕРЯ ПОЛИТИЧЕСКОГО ПЕРЕВОСПИТАНИЯ»

Китайские власти объявили о начале общенациональной кампании против терроризма, как сказано, в ответ на продолжающееся насилие в СУАР. СМИ сообщили, что силы безопасности страны получили приказ пресечь распространение «террора религиозных экстремистов» на другие регионы Китая.

Ограничения на религию, культуру, образование и одежду стали ужесточаться еще больше. Китайские власти арестовали выдающихся уйгурских ученых и литературных деятелей, которые являются умеренными сторонниками традиционной уйгурской культуры. Уйгуров начали отправлять в специализированные лагеря, похожие на тюрьмы. Пекин называет их «центрами профессиональной подготовки», предназначенными для предотвращения терроризма и искоренения экстремистских идей. Они стали известны как «лагеря политического перевоспитания».

Бывшие заключенные этих центров говорят, что в них происходит идеологическая обработка и китаизация. Людей заставляют принять китайскую культуру взамен своей, а кто отказывается сотрудничать с руководством тюрем, подвергается пыткам и голоду.

Главная задача этих учреждений, по сообщениям в СМИ, состоит в



борьбе с экстремизмом с помощью смеси правовых дисциплин, трудовых навыков и обучения китайскому языку. Объекты построены специально для мусульман Синьцзяна, многие из которых довольно слабо говорят по-китайски. Судя по видео, в учреждениях действует определенный дресс-код, так как ни одна из женщин не носит мусульманский платок, у мужчин и женщин — одинаковая форма одежды.

Официальной китайской информации об этих центрах очень мало, к тому же они появились лишь после многочисленных международных публичных разоблачений. Впервые существование лагерей признали в Китае лишь в октябре 2018 г.

Точно неизвестно, когда появились эти лагеря или школы. По некоторым данным, первые лагеря появились после уйгурских волнений в 2009 г., в зданиях бывших учебных заведений. После того, как в августе 2016 г. первым секретарем СУАР стал известный своей жесткой политикой Чэнь Цюаньго, использование «лагерей перевоспитания» значительно участилось. Эти лагеря находятся вне правовых рамок, многие заключенные содержатся в них без решения суда и предъявления обвинений.

Основная информация в мировой печати о них появилась в 2017 г. А впервые Китай допустил представителей крупных мировых СМИ к ознакомлению с образцовыми профессионально-техническими центрами СУАР 3–5 января 2019 г. Все съемки и интервью производились в присутствии китайских чиновников — заявления воспитанников центров стандарты и позитивны.

Лагеря делятся на открытые и закрытые. Из первых воспитанники на выходные могут съездить в город, к родным, а из закрытых заключенных не выпускают и там пропадают люди — число пропавших неизвестно.

ООН: ЛИШЕНЫ СВОБОДЫ ОКОЛО МИЛЛИОНА ЧЕЛОВЕК

В 2018 г. в МИД РК сказали, что получили 915 заявлений от родственников казахов, находящихся в заключении в Китае. В МИД сообщили затем, что китайские власти с начала 2018 г. разрешили выехать из Китая более 2 тысячам казахов. Представитель МИД сообщил также, что «по подозрению в наличии двойного гражданства» в Китае были задержаны 29 граждан Казахстана, 15 из которых позднее были освобождены.

Среди задержанных в Китае есть не только этнические казахи из Синьцзяна, которые ездят в Казахстан, или уйгуры, но и граждане Казахстана. Кайрат Самаркан — один из тех, кто увидел жизнь в «центре политического воспитания» в Синьцзяне изнутри и получил освобождение. По его словам, заключенные делятся на три категории: лица, имеющие отношение к религии; выезжавшие за границу; к третьей — нарушители общественного порядка. Все заключенные — мусульмане.

Он содержался 3 месяца в «центре политического воспитания» Бурылтогайского района за выезд за границу и нарушение общественного порядка. «Сколько казахов содержится там в жутких, жалких условиях! Всего там содержится 5700 человек. Из них более трех тысяч человек — казахи, две тысячи — уйгуры, 200 — дунгане. Среди них были два человека, получившие гражданство Казахстана. Вся их вина заключается в том, что они жили в Казахстане и не снялись с регистрации в Китае. В политических воспитательных лагерях женщины содержатся отдельно. Поэтому точное их количество назвать не могу», — сказал Кайрат.

По его словам, «Не давали разговаривать на родном языке, не позволяли мыться. Каждый день надо было китайскую пропаганду читать. Кроме этого, в качестве издевательства,

каждую пятницу нас заставляли есть свинину. Тех, кто отказывался это делать, жестоко наказывали. Заставляли целыми днями стоять на ногах, не давали ни воды, ни еды. Избивали, потом сажали на железный стул, заставляли сидеть двадцать четыре часа на этом стуле. Летом голыми заставляли стоять на раскаленном бетоне. То же самое зимой: мы стояли на холодном бетоне, босые, без одежды, в одних трусах. Есть там и вырытая яма в земле, наполненная водой, людей там заставляли стоять в воде по шею» (<https://rus.azattyq.org/a/samarkan-china-lager/29190158.html>).

Если из одного района в лагерях содержались 5700 человек (не считая женщин), то эта большая цифра для сельских округов.

По данным ООН, которая выпустила доклад по теме нарушений прав человека в Китае, лишены свободы около млн человек, проживающих в западных областях КНР (Доклад ООН. https://tbinternet.org/ohchr.org/Treaties/CERD/Shared%20Documents/CHN/CERD_C_CHN_CO_14-17_32237_E.pdf).

Пекин в ответ опубликовал Белую книгу о Синьцзяне. В ней опровергается версия западных СМИ о том, что 1 млн уйгуров там держат в лагерях. На самом деле это не лагерь, а школы профобразования, и большинство учеников их успешно окончили. Благодаря этому религиозный экстремизм искоренен, почти три года не было терактов.

ЖУРНАЛИСТЫ ПОДТВЕРДИЛИ ДОКЛАД ООН

Журналисты Би-би-си провели интересное расследование по спутниковым снимкам построенных лагерей, а также по материалам своей поездки в СУАР в статье «Секретные лагеря Китая» (https://www.bbc.com/russian/resources/idd-sh/China_hidden_camps_russian).

По данным китайских властей, в статье утверждается: «Наиболее достоверная информация, подтверждающая, что исправительные лагеря действительно существуют, содержится именно в сведениях, сообщаемых властями. Базирующийся в Германии ученый Адриан Ценц обнаружил документы местных администраций, где потенциально вводить в строительных тендерах. В документах — подробности, касающиеся строительства и реконструкции десятков объектов по всему Синьцзяну. Во многих случаях это тендеры на установку систем безопасности — смотровых вышек, колощипов и роликов, системы видеонаблюдения и караульных помещений. Сопоставив эти данные с информацией из других источников, Ценц делает вывод, что сотни тысяч, а возможно, более миллиона уйгуров и других мусульманских меньшинств могли быть интернированы в целях перевоспитания».

Также эксперты сделали поразительное заключение по снимкам — налицо тенденция к строительству более крупных комплексов. Число новых построек в 2018 г. меньше, чем в 2017-м. Но их площадь больше, чем прошлых годов.

Далее в этой статье пишется: «Мы показали данные GMV о расширении комплекса в Дабаньчэне команде архитекторов исправительных учреждений Guymer Bailey из Австралии. По их расчетам, если взять минимальные оценки, в этом учреждении можно разместить 11 тысяч задержанных. Даже такая скромная оценка делает комплекс в Дабаньчэне одной из крупнейших тюрем в мире».

ТҮРКІСТАНДА ТІЛ ТЕГІН ҮЙРЕТІЛЕДІ

Биыл елімізде еріктілер жылы жарияланғаны белгілі. Осыған орай Оңтүстік аймақ орталығы Түркістан қаласында жастарға шет тілін үйретуге арналан «OPEN ENGLISH» жобасы бастау алды.



Қоғамдық даму басқармасына қарасты Жастар ресурстық орталығы қолға алған бұл жобаның барысында жастарға ағылшын тілін тегін үйренуге мүмкіндік туып отыр. Тіл үйрететін ұстаздар да ерікті түрде жұмыс істейді. «Жастар — біздің болашағымыз. Жақсы маман болып қалыптасуы үшін қолдау көрсетіп, кең көлемде жағдай жасауымыз керек. Ол үшін шет тілін білудің маңызы зор. Еріктілер жылындағы «Білім» жобасы аясында жастарға ағылшын тілін үйретіп, компьютерлік сауаттылықты жетілдіруге көмектесу мәселелеріне назар аударып, соған мүмкіндік жасап отырмыз», — дейді Жастар ресурстық орталығы басшысының міндетін атқарушы Аманбек Өміртай.

Бұл істе білікті мамандардың болғаны жөн. Солардың бірі оқытушы Әлімжан Бекболатов Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетін бітірген, Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-дің магистранты. «Ағылшын тілі» мамандығын меңгеріп, кейіннен Еуропада, Америкада білімін жетілдіріп, тәжірибе жинақтап келген белгілі маман. Қазір

ол орталықтағы тіл үйрету курсының жетекшісі. Орталықта одан да басқа білікті ұстаздар сабақ береді. Бүгінгі күні орталықтағы курста 30 оқушы екі кезеңге бөлініп тіл үйреніп жатыр. Шет тілін үйренем деушілер қатары алдағы уақытта арта түспекші.

Шырын ӘМІРЖАН



Өзгеңің мұңы мен басқаның басына түскен ауыртпашылыққа бейжай қарай алмайтын жандар бұл өмірде өкінішке орай сирек кездеседі. Солардың бірі Өскемен қаласық Жастар ресурстық орталығы базасындағы волонтерлер орталығының жетекшісі Сырым Қайсарбеков.

СЫРЫМНЫҢ СЫРЫ

Сырым Бектасұлы қайырымдылық пен мейірімділік дегеннің бағалы қасиет екенін жастайынан көңіліне түйген жан. Мектепте, кейін студент болған кезден қайырымдылық акцияларына қатысып, ерікті түрде қоғамдық жұмыстарға белсене араласып келе жатыр. «2011 жылы Өскемен Политехникалық колледжінде оқып жүрген кезімде волонтерлік жұмыстарға қатыстым. Бірде қала әкімдігі мен Ауған соғысы ардагерлерінің қоғамдық бірлестігі мұқтаж жандар мен зейнеткерлерге көмір алып берді. Еріктілер өзара келісіп, тас көмірді әр үйге түсіруге көмектестік. Сол кезде бүгіндер күш-қуаты қайтқан қарттардың жанарынан ризашылықтың белгісін байқағанымда ерекше әсерге бөленгенім осы күнге дейін есімде. Өзімді осы бағытқа, өзгелерге көмек беруге арнағым келетінін дәл сол мезетте анық түсінгенмін», — дейді ол алғаш алған әсері туралы. Сөйтіп, Сырым Қайсарбеков 2014 жылы қалалық Жастар ресурстық орталығына маман болып жұмысқа орналасқан. Одан бері де ерікті ретінде қаладағы көптеген іс-шараларға қатысып, көпке көмек көрсетуді өмірлік берік мақсатына айналдырған. Маңайына өзі сияқты жастарды топтастыра білді.

«Істеймін деген адамға жұмыс көп, ең бастысы соған деген ниет болса болғаны. Игі жұмыстың үлкен-кішісі болмайды, өзгелерді риза етсек ең басты алғыс сол. Мысалы мүмкіндігі шектеулі жандардың, қарттардың аулаларындағы қарды күрейміз. 1 наурыз — Алғыс айту күнінде көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың үйлеріне азық-түлік апарамыз. Шаһарды коғалдандыру, абаттандыру жұмыстарына да қатысамыз. Менің ойымша, волонтер атанғысы келгендердің бірінші кезекте адамгершілігі мол болуы керек. Содан кейін айналасындағыларға деген сүйіспеншілік пен қоғамға титтей де пайдасын тигізсем деген таза ниет қажет», — дейді Сырым өз сөзін ақтарып.

Қазірде Өскемен қаласында сегіз жүзге тарта волонтер бар. Жыл сайын олардың саны артып келеді. Мысалы, былтыр тек 2 жоғары оқу орнында волонтерлік ұйым болған. Ал биыл олардың қатарына тағы да 1 университет пен 5 колледждер қосылды. Биыл қантар айының аяғында Өскеменде волонтерлер орталығы ашылды. Мұндағы мақсат — еріктілердің санын арттыру, оларды қоғамдық жұмыстарға тарту. Орталықта екі координатор жұмыс істейді. Бұл еріктілердің басын қосып, алдағы жоспарлардың бүге-шүгесін талқылап отыруға жақсы мүмкіндік береді.

Сырымның айтуынша биыл ерекше жыл. «Біріншіден, елімізде волонтерлер жылы болып аталды. Екіншіден, биыл ұлы жерлесіміз Абайдың 175 жылдық мерей тойы кең көлемде атап өтіледі. Абай ауданы Қарауыл ауылында ЮНЕСКО көлемінде болатын мерейтойлық шараларға біз ерекше дайындалуға, оны жоғары деңгейде өткізуге атсалысуға міндеттіміз. Біз соған күш саламыз», — дейді Сырым алдағы жоспарларымен бөлісіп.

Шұғылалы Шығыста волонтерлік қозғалыс өзге аймақтарға қарағанда шынында да қарқынды жүргізілуде. Волонтерлер саны былтырғыға қарағанда үш есе өскен, бұл үрдіс енді жалғасына таба бермекші. Оларды ынталандыру үшін тоқсан сайын үздік волонтерлерді марапаттау көзделіп отыр. Ал, жыл соңында «Жылдың үздік волонтері» және «Жылдың үздік волонтерлік ұйымы» атты екі номинацияның жеңімпаздары анықталып, сыйсияпат көрсетілді. Несі бар, жақсы істің жаттығы жоқ, Сырым Қайсарбеков бастаған еріктілердің еңбегіне табыс тілейміз.

Бек СӘДІБЕКҰЛЫ
Өскемен қаласы

ВОЛОНТЕРЛІК ҚЫЗМЕТ ТЕ ҮЙРЕНУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ

Ақтөбе гуманитарлық колледжінің студенттері ерікті болудың қырсырын үйрене бастады. «Ақтөбе – адалдық алаңы» жобалық кеңсесі мен «Leader-Q» қоғамдық бірлестігі кәсіби волонтерлік қызмет туралы түсінік беріп, «BIZ BIRGEMIZ» атты студенттермен кездесу кешін өткізді.

Жастардың басқосуына арнайы шақырылған колледж түлектері, ұстаздар қауымы, Қ. Жұбанов атындағы университет студенттері, «Ақтөбе – адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің ерікті — жастары қатысты. Кездесудің негізгі мақсаты — жастардың қоғамдағы рөлін арттыру, белсенді болуға, қоғамға қызмет етуге тәрбиелеу, жастарға жан-жақты қолдау көрсетіп, дұрыс бағдар беру. Кездесуге келген спикерлер әртүрлі бағытта ой қозғады. Ақтөбе облысы бойынша волонтерлік қызметті жүзеге асырып жатқан ұйымдар мен негізгі бағыттары туралы, жемқорлықтың алдын — алуға бағытталған жұмыстар туралы айтылды. Сонымен қатар, спикер

өз сөзінде еліміздің болашағы жастардың қолында, осы орайда замандастарды әрдайым ізденіс жолында болуға және парасастыруға адал қоғамды бірге қалыптастыруға шақырды. Кездесу барысында БҰҰ негізгі гуманитарлық-медициналық бөлімі болып табылатын «Қызыл Ай Қоғамы» жұмыстары туралы Диаров Ералхан, сонымен қатар жастарға қалай баспаналы болуға болады және оның жолдары мен бағдарламалар жайлы Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің маманы Мақсат Зайтов кеңес берді. Кеш соңында «Leader-Q» ЖКБ төрағасы Ромат Мукашев қоғамдық бірлестіктің ең белсенді мүшелеріне куәлік табыстады.

ЖАЛАҒАШ ЖАСТАРЫ ІСКЕ КІРІСТІ

Қызылорда облысы Жалағаш ауданында «Волонтерлер жылы» аясында аудандық білім саласының «Біз біргеміз — берік іргеміз» атты аудандық жиын өткізіп, жастар өздері жоспарлаған жобаларды ұсынды.

Атап айтсақ, №38 орта мектеп оқушысы Мәди Бижан «Таза әлем» жобасымен тұрмыстық қалдық өнімдерін жинау арқылы тазалыққа бейжай қарамайтын волонтерлер тобының жұмысы жөнінде айтып берді. Сол сияқты Дидар Өмірзақ «Қауіпсіз жол» акциясы негізінде, Аружан Нұрадин «Саулық» бағыты бойынша денсаулық сақтау саласымен бірлесіп жасалып жатқан «Салауатты өмір салтын сақтайық» акциясы жайында әңгімеледі. Ауданда №201 мектеп-лицейіде Нәзия Еркінқызы басшылық жасайтын волонтерлер тобы оқушылар қолынан жасалған қолөнер бұйымдарынан көрме ұйымдастырып, одан түскен қаржыға ерекше білімді қажет ететін оқушылардың туған күніне сыйлық жасап, мерекелік қайырымдылық шараларын өткізеді. Сондай-ақ, төтенше жағдайлар, орман шаруашылығы мекемелерімен бірлесіп қауіпті аймақтарға белгілер ұйымдастырып келе жатқан волонтерлер тобы атынан Т.Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицей оқушысы Инабат Тыныштықбай сөз сөйлеп, бейнесілік арқылы жүргізілген жұмыстарын көрсетті. Жиында аудан әкімі Қайратбек Сәрсенбаев, облыстық білім басқармасының тәрбие және өзін-өзі тану бөлімінің басшысы Мәди Бекмағанбетов сөз сөйлеп, белсенді жастарға сәттілік тіледі. Форум соңы Волонтерлер жылының эстафетасын Жалағаш ауданынан Сырдария ауданына табыстауымен қорытындыланды.

ЕРІКТІЛЕРДІҢ ҚОЛЫНАН БӘРІ КЕЛЕДІ

Жамбылдық бір топ ерікті жас республикалық «Біргеміз» акциясы аясында жалғызбасты ана — Тараз қаласының тұрғыны Гүлжан Есқараеваға көмек көрсетті.

Шынын айту керек, еріктілердің бұл жолғы ісі сирек кездесетін іс-шара болды. Олар жалғызбасты ананың қызын қырқынана шығарып, салтын жасап берді. Гүлжан бүгінде Маржан, Инжу атты екі қыз тәрбиелеп отырған. Бұл іге іс-шара облыс әкімдігінің Жастар саясаты мәселелері басқармасы жастар ресурстық орталығы мұрындық болды. Еріктілер Гүлжанға қажетті азық-түлік, киім-кешек апарып беріп, үйінің ауласын тазалауға қолғабыс жасады. Сонымен қатар, олар ақын Үміт Битенова мен Тараздағы «Ақжүніс» аналар қоғамының төрайымы Жанат Естаеваыны шақырып, жас ананың кіші қызы Инжуді қырқыннан шығару рәсімін ұлтымыздың салт-дәстүріне сай ұйымдастырды. Ел аналары бүлдіршінге ақ батасын беріп, үлкен өмірге сәттілік тіледі.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙДАН ДА ТЫС ҚАЛМАЙДЫ

Қызылордада «Волонтер жылына» орай еріктілер «Игі істер уақыты» бастамасымен төтенше жағдайдың алдын алу жұмыстарына да атсалысты.

Бұл ауқымды шараға ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті және ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының облыстық филиалы ұжымдары қатысты. Департамент пен филиал қызметкерлері Сырдарияның Қызылорда қаласының тұсындағы көктемгі кезде қауіпті саналатын аумақтың бірінде жағалау нығайту жұмыстарына көмектесті. Кеңсе қызметкерлері қапқа топырақ толтырып, өзен жағалауына бөгет жасады. Бұл жұмыстардың ойдағыдай жүзеге асуына Төтенше жағдай саласының мамандары жетекшілік жасап,

бағыт-бағдар берді. «Волонтерлік бізге жат емес. Халқымызда ата-бабамыздан келе жатқан асар жасау, жылу жинау, ерулік беру секілді ізгі дәстүрлер бар. Биыл Еріктілер жылы аясында қоғамға пайдалы шаралар жасалуда. Біз сол игі іске қолдау көрсеттік. Еріктілер білім, медицина, мәдениет, спорт, экология, әлеуметтік қайырымдылық және басқа да бағыттарда көмек көрсетуде», — дейді департамент басшысы Нұрман Талқанбаев. Қыс аяғы мен көктем басында дария арнасынан асып тұрғындарға жиі қауіп төндіреді. Бұл шара соның алдын алу бойынша жоспарлы түрде жүргізілген болатын.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қаулысымен 2020 жыл Еріктілер жылы деп жарияланғаны белгілі. «Мен еліміздің әрбір өңіріне волонтер болуға ниетті азаматтардың көп екеніне сенімдімін. Үкімет оларға қолдау көрсету үшін нақты шараларды қабылдайды. Біз оған зор мән береміз. Алайда Еріктілер жылы кезекті науқан емес. Осыны халыққа түсіндіруіміз керек», – деп атап көрсетті Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы. Ел Президентінің қолдауымен еріктілер жылында елімізде ауқымды істер атқарылуда. Атаулы жылдың аясында еріктілер санының күн санап артып келе жатқаны көңіл қуантады. Нәтижесінде ел игілігі үшін республика көлемінде жүйелі жұмыстар атқарылып, өз нәтижесін бере бастады. Солардың бір парасына тоқталғанды жөн санадық.



көрсетіп, көңіл-күйін көтеріп, азын-аулақ сый-сияпатымызды ұсынып қайттық. Күні бүгінге дейін жасаған істеріміздің барлығын тізбектеп жария студия қажеті жоқ шығар. Дегенмен, «Мейірім шуағы» қайырымдылық тобының жұмысымен таныстыру мақсатында істеріміздің бір парасын тілге тиек еттік», – дейді топтың тізгінін ұстаған Н.Тастанов.

Нұрдаулетпен сөйлесе отырып, оның ерекше мейірімді бала екенін байқадық. Былтырғы жылдың жазғы демалысында Арыс қаласындағы балалар үйі басшыларының ұсынысымен осындағы тәрбиеленіп жатқан балалармен бірге «Тау самалы» сауықтыру кешенінде олардың жетекшісі болып, жандарында жүріпті. «Мұндағы мақсатым – мейірімге зәру бүлдіршіндерді қуантып, қастарында қамқор болып жүргім келді», – дейді ол. Сондай-ақ, игі істің басы-қасында жүрген жастар тарапы бұл тұрғыда үлкендерін ақ батасын алуды да құп көріп, Шымкент қасындағы Қарттар үйіне барып, ондағы қамқор қарияларымыздың бір сәтке болса да, көңілін көтеріп, азын-аулақ сый-сияпаттарын ұсыныпты.

«Волонтерлік жұмысты меніңше ниеті болса, кез-келген адам атқара алады. Өзіңнің алтын уақытыңды өзге адамның шынайы қуанышына жұмсай білудің өзі үлкен іс. Ерікті бола отырып, көмекке мұқтаж жандардың жүзінен бақыт нұрын көру арқылы өзіңнің жандүниенде тыныштықтың орнағанын сезінесің», – дейді Нұрдаулет Тастанов.

Кентау қаласы әкімдігінің 2019 жылғы қорытындысы бойынша әр саланың үздіктерін анықтау барысында «Кентау қаласының ең үздік жас еріктісі» номинациясын Нұрдаулет Тастанов жеңіп алды. Мұндай бағалау – жастарды жігерлендіріп, одан әрі қанаттандыра түсуге анық.

«– Таяуда ғана Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өткен Республикалық волонтерлер форумына қатысып қайттым. Форум барысында волонтерлікке қатысты еліміздің түкпір-түкпірінен келген қатысушылар өздерінің ұсыныс-пікірлерін ортаға салды. Алдағы уақытта волонтерлік жұмыс еліміздің әр саласы бойынша қолға алынбақ. Сондай-ақ, әрбір еріктінің жұмыс істеу өтілі заңды түрде есептелмек. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің барша еріктілеріне «BIRGEMIZ» деп бірге болуға шақырды. Ендеше, республикамыздың әрбір аймағындағы еріктілер бірлесе отырып, қолымыздан келген игі істі жасап, жанымыздағыларға жанашыр болайық», – дейді жас ерікті.

Мемлекет басшысының қолдауымен еріктілер жылындағы атқарулар ауқымды істер қарқынды түрде жүзеге асып келе жатқаны көңіл қуантады. Бүгінгі біздің кейіпкеріміз – Нұрдаулет Тастановтың мейірімді жастарымыздың қатары күн санап арта түссе, онда еліміздің ертеңі де жарқын болмақ.

Гүлмира САДЫҚ

МЕЙІРІМДІЛІК ӘЛЕМДІ ҚҰТҚАРАДЫ



ВОЛОНТЕР БОЛУ – ШЫНАЙЫ НИЕТТІН КӨРІНІСІ

Таяуда ғана Нұр-Сұлтан қаласында «Волонтер жылы» аясында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «BIRGEMIZ» республикалық волонтерлердің фронт-офисын ресми түрде іске қосып, ел еріктілерінің алдағы ісіне сәттілік тіледі.

«Волонтерлік халқымыздың өмір салтына айналуы керек. Оны тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі және болашақ сипаты ретінде дәріптеуіміз қажет. Еріктілердің бойындағы қайрат, жігер әр азаматты ынталандыруы тиіс. Еліміздегі әр ауыл, аймақ осы маңызды жұмыстан тыс қалмайтынына сенемін. Бұл – ең алдымен өркениетті елдің және зор жауапкершіліктің белгісі», – деп Қасым-Жомарт Тоқаев еріктілер ісінің қажеттілігіне айрықша тоқталып өтті.

Қазір елімізде ғана емес, дүниежүзі бойынша волонтерлік кең таралып келеді. Қазіргі таңда әлем елдерінде 1 миллиардқа жуық адам волонтерлікпен айналыса, біздің елімізде олардың саны 16 мыңды ғана құрайды. Алдағы уақытта бұл көрсеткішті 100 мыңға дейін көтеруге болады. Әлемдік

ішкі жалпы өнімнің 2,5 пайызы – Еріктілер еңбегінің нәтижесі екенін ескерсек, волонтерлік қызметтің аса зор күш екенін бағамтаймыз.

«Волонтер болу – жүректің ісі, яғни шынайы ниеттің көрінісі. Сендер қолға алған жұмыстардың барлығы еріктіліктің жарқын үлгісі боларына күмәнім жоқ. Мен волонтер жылы аясында ең алдымен еліміздің жастарына зор сенім артамын. Әрдайым абыройлы, әрі табысты болыңыздар», – деген Президент «Мен жастарға сенемін» деген Мағжан ақынның ізімен жастарға зор сенім білдірді.

ЖАСТЫҚ ЖІГЕРДІ ІЗГІ ІСТЕРГЕ ЖҰМСАЙЫҚ

Бүгінде елімізде сол сенімнің үдесінен шығып жүрген жастар жетерлік. Солардың бірі, Түркістан қаласындағы Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Инженерия факультетінің 3-курс студенті, «Мейірім шуағы» қайырымдылық тобының жетекшісі – Нұрдаулет Тастанов. Жақында ғана «BIRGEMIZ» республикалық волонтерлердің фронт-офисының ресми ашылуына орай ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өткен республикалық волонтерлер форумына Түркістан облысы делегациясының мүшесі ретінде қатысып қайтты. Осынау шараға қатысуына Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің және Түркістан облыстық жастар ресурстық орталығы қолдау көрсетті. Біз талапты жас Нұрдаулет Бақытжанұлынан «Мейірім шуағы» атты қайырымдылық топты құруға нендей нәрсені түрткі болғанын сұрадық.

«– Жалпы әрбіріміз адам деген атты иеленіп жүргеннен кейін айналамыздағы көмекке мұқтаж жандарға шамамыздың келгенінше қолғабыс етуіміз керек. Меніңше әрбір мұсылман баласы бір-бірінен қал сұрасып, қажет жағдайда қол ұшын берсе, онда біз өмір сүріп отырған ортада мұқтаж

жандар болмайды деп ойлаймын. Әрбіріміз қолымыздан келгенінше, қайырлы іс қылуға тырыссақ, 2018 жылдан бастап, өз жұмысын бастаған біздің «Мейірім шуағы» қайырымдылық тобымыздың ұстанымы – «Мейірімділік әлемді құтқарады». Ендеше, әрбіріміз мейірім нұрын төгіп, жан жылуымызды жан-жағымызға тарата білсек бүкіл әлем одан әрі нұрлана түспек. Біздің «Мейірім шуағы» тобын құрудағы мақсатымыз – замандастарымызбен бірге мұқтаж жандарға қолдау көрсету. Бұл істі әзірге шама-шарқымызға қарай атқарудамыз. Болашақта білікті маман атанып, бір кәсіптің тізгінін ұстаған шақта бұл қайырымдылық тобының аясын одан әрі кеңейте түсеуіміз жоспарымыз бар. Бүгінде студенттер қауымы әр түрлі би кештеріне, көңіл көтеру орындарына барып уақыттарын сарп еткенше, осындай сауабы мол іспен айналыса оның өзіне де өзгеге де тигізер пайдасы зор деп есептеймін», – дейді топтың негізін қалаған Нұрдаулет.

Шындап келгенде, студент жастардың өзгені қолдауға ұмтылуы сүйсінерлік жағдай. Мұндағы басты мәселе – олардың кіршіксіз таза көңілі мен ниетінде. Мәселен, «Мейірім шуағының» мүшелері университет қабырғасындағы өнерлі өрендердің басын қосып,

«Мейірімділік – әлемді құтқарады» атты қайырымдылық концертін өткізіпті. Шараның басты мақсаты – көпбалалы жалғызбасты ата-аналарға көмек қолын созу. Облыстық деңгейде өткізілген игі шара барысында Кентау, Түркістан қалаларынан және Отырар ауданындағы отбасыларға қолдау көрсетіпті. Осындай сауабы мол игі шараны өз күштерімен өткізіп жүрген жастардың ісі талайларды тандандырып келе жатқанын айтуға тиіспіз.

«– Біз студенттер бәріміз біріге отырып, жәрмеңке ұйымдастырамыз. Шара аясында өз қолымыздан колөнер бұйымдарын жасап, қыздар жағы дәмді тәттілер пісіріп сатылымға шығарамыз. Одан түскен қаржыны әлбетте қайырымдылық шарна анық жұмсаймыз. Арасында біздің осындай шараларды өткізетінімізден хабардар болып жүрген жаны жомарт достарымыз бен ағаларымыз өз қолдауларын көрсетіп жататынын айта кеткеніміз жөн.

«– Көп түкірсе көл» демекші барлығымыз бірге бір жұдырықтай жұмылудың арқасында көптеген шараларды атқаруға мұрындық болып жүрміз. Әуелі Алланың одан соң жаны ізгі жандардың қолдауымен Сайрам ауданындағы, Арыс қаласындағы балалар үйлерінің бүлдіршіндерін барып, оларға өз өнерлерімізді



Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев былтырғы жылы елімізде өткен «Ұлытау 2019» халықаралық туристік форумында: «Біз, қазақ халқы, ұлы тарихи тұлғалардың ізбасар ұрпағы екенімізді ешқашан ұмытпауымыз қажет. Ата-бабаларымыздың рухын туризмнің озық үлгілері арқылы дәріптеуіміз керек. Біз салалық мемлекеттік бағдарлама қабылдадық. Ол толыққанды жүзеге асатын болса, туризмнің ішкі жалпы өнімдегі үлесі 8% жетеді. Сырттан келетін туристер саны 9 млн. ал, ішкі туристер саны 8 млн. адам болады. Ал туризм саласында жұмыспен қамтылғандар санын 650 мың адамға жеткізу керек», – деген-ді.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы Қ-Ж.Тоқаев халыққа Жолдауында: «Туризмді, әсіресе экотуризм мен этнотуризмді дамытуға экономиканың маңызды саласы ретінде баса мән беру қажет», – деп айрықша атап өткен-ді. Осы бағытта бүгінде ел көлемінде атқарылған жүйелі жұмыстар өз нәтижесін беріп келеді.



ТЕКЕЛІМ – ҚАСИЕТТІ МЕКЕНІМ

ҚАЗАҚ ЖУРНАЛИСТЕРІ ЕЛ ТУРИЗМІН ДАМУЫҒА ДЕН ҚОЙДЫ

Қазақстанның туристік әлеуетін насихаттап, жарғақ құлақтары жастыққа тимей жүрген бір топ бар. Қазақ журналистерінен құралған топ. Былтыр «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Алматы облысының Кеген, Еңбекшіқазақ, Ұйғыр аудандарын аралап қайтқан олар өздерінің қаламынан туған тың дүниелері арқылы ел туризмінің дамуына елеулі үлес қосып келеді.

Алматы облысының бірқатар аудандарына атбасын тіреген журналистердің жүрекжарды лебіздерін тілге тиек еткенді жөн санадық. Журналист Аида Қожмамбетова: «Көлсайдан алған әсерімізді қаламмен жеткізе алмаймыз. Шетелден, АҚШ-тан келген сексен жастағы қарияларды көргенде, шыны керек, кеудемізді мақтаныш сезімі кернеді. Туризм саласын дамытуға әлде де көбірек көңіл бөлсек, мұхит асып келетіндердің де қарасы көбейе түспек», – дейді.

Ал Шарын шатқалы туралы шалқыта жазған әріптесіміз Ақбота Мұсабекқызы: «Шатқалдың төменгі жағында қытайлық туристерді де кезіктірілдік. Қытайлық саяхатшылар Қазақстан туралы, Шарын шатқалы туралы біздің мақтанышымыз Димаш Құдайберген арқылы естіп-білгенін, енді өз көздерімен көріп, тануға келгендерін айтып... Осының бәрін сәтті пайдаланып, Димаш арқылы шетелдіктерді елге, әсіресе, Шарын ұлттық паркіне тарту үшін шатқал орналасқан ауданның атауын Шарын ауданы деп атасақ, туризмге «терезе» ашылар еді. Біз көрген қытайлық туристер осындай ой салып кетті», – дейді.

Сондай-ақ, ҚазҰУ-дың PhD докторы Халық Балықбайтегі: «Біз Ұйғыр ауданы деген атауды тездетіп өзгертіп, жеріміздің тарихи атауы «Шарынды» өзіне қайтаруымыз қажет», – дейді.

Расында, есіміз барда елімізді танып, қазіргі Ұйғыр ауданы атауын Шарын ауданы деп өзгертетін кез әлдеқашан келген сияқты.

«...Отанымызда шоу-бизнес әлемі шарықтап дамып келеді. Эстрада жұлдыздары шетелге шығып, ақшаны шашып, бірімен-бірі жарысып, бейнебаян түсіргенше, дәл осы отандық туризмді насихаттасуымыз. Шарын шатқалының әдемілігі қай шет елден кем?! Неге соны жарнамаламасқа? Көрікті мекенді күллі әлемге паш етуден сайысқа түспеске? Бұл – бір.

Екіншіден, тарихи қысқаметражды не толықметражды, тым болмаса сапасы мықты деректі фильмдер түсіріліп, сайдың тасындай телехабарлар жасалса екен. Кәдімгі кәсіби тұрғыда, жоғары деңгейде. Егер іздесе, Шарын шатқалы туралы талай жазба құнды деректер аз емес. Тек соны іліп әкетіп, дамытып, бейнежазбаны ғаламторға толтырып тастаса, әлемнің әр тарапынан туристер ағылар еді», – деген Арай Жұмашқызының пікірі қолдауға лайық деп ойлаймыз.

– асыл бесікке» («Мәдениет порталы»), «Қара даланың иесі мен киесі» («Qazaqstan dauiri» газеті) және т.б. көптеген БАҚ беттерінде ел туризмін насихаттаған оқырманға берері мол дүниелер бірінен соң бірі жарияланып жатты.

Сонымен қатар, Көлсай, Қайыңды көлдері турасында журналистердің әлеуметтік желілерде жариялаған жазбаларында көтерілген бірқатар мәселелер тиісті орындардың назарына ілігіп, шешімін тапты.

(тотемі) текеден болған Қарғабойлы Қазтуған бабамыздың өзін әлеуметке таныстырғанда айтқан:

«Бұдырайған екі шекелі,
Мұздай үлкен көбелі,
Айдаса – қойдың көсемі,
Бұлұт болған айды ашқан,
Мұнар болған күнді ашқан,
Мұсылман мен кәуірдің,
Арасын өтіп бұзып дінді ашқан,
Сүйінішұлы Қазтуған!» – деп келетін жыр жолдары еске түсті.

Ғажап емес пе, қазақ даласының екі арасы үш мың шақырымды алып жатқан қиыс босағасын – батыс және шығыс қыры бір онғұн кие тұтастырып тұр.

Ал енді бар ма, сонау 1933 жылы жергесер екі инженер-геолог М.Юдичев пен М.Қаділбеков далалық зерттеу-барлау жұмыстары кезінде осы Текелі өзенінің оң жағалауынан қорғасын, мырыш, күміс, кадмий, германий кендерінің мол қорын тапқаннан кейін, бұрын, яғни 1911 жылдан елді мекен, 1927 жылдан кент болып тұрған Текелі осында әуелі 1937 жылы қорғасын-мырыш кеніші салынып, ол арада бес жыл өткенде комбинатқа айналғасын одан әрі өсе келеп, 1952 жылы құла мәртебесіне ие болған. Онылас Сәулейменовтың «Неміс фашистеріне атылған он оқтың тоғызы Қазақстанда жасалған» дейтін сөзі әшейін алаулатқан-жалаулатқан ақындық образ емес, өмірден алынған нәрсе. Оның дәлелі, кешегі күнді күркіреп өткен соғыста жауға атылған әрбір бесінші оқтың Текелі қорғасын-мырыш комбинатында құйылуы. Бұл – тарихи факт.

Тауды бөктерлеп, еңсіздеу шатшатқаланды қойдың аш ішегідей қуалап жатқан Текеліде ТМД-дағы ең ұзын көше бар. Ол ұзақтығы 35 шаршы шақырымға созылып жатқан Қонаев көшесі.

Әлеуметтік-экономикалық жағдайы қорғасын комбинатына тікелей байланысты дамыған, соған орай Алматы облысындағы жалғыз монокала – Текелінің ахуалы кеңес дәуірінде жаман болған жоқ. Ол заман стратегиялық жабық қалалар Орталық азиядағы жабдықталғаны белгілі. Бірақ Кеңес Одағының тігісінен тозған бөздей оқыс ыдырауы, одан кейінгі, 1990 жылдар басындағы қарасуық-қатқак кезең транзиттік құрғатамыр жолдардан бір бүйір оқшау жатқан қаланы тұралатып кетті десек, артық айтқандық болмас. Сол жылдардан кейін мұндағы тұрғын халықтың саны қырық мыңға дейін түсіп қалған (қазір ресми түрде 33 мыңға жуық адам тұрады деп есептеледі). Әлбетте,

бүгінде еліміздегі сияқты мұнда да «Жол картасы» бойынша шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, инвестиция тарту, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту бағытында бірқатар оң шаралар жүзеге асырылып жатыр. Әсіресе, Жылансай шатқалында салынып жатқан Орталық Азия университетінен халықтың үміті зор: негізгі базасы Тәжікстанда орналасқан бұл заманауи жағары оқу орнының Қазақстандағы филиалы жоспарға сәйкес 2022 жылы іске қосылған шақта онда «Болашақ» бағдарламасы бойынша бір мезгілде 1200 студент білім алатын болады. Ал мұның өзі қала бюджетіне түсетін қосымша қаржы, инвестиция, жергілікті халық үшін кәсіп көзі.

Сөйтсе-дағы Жоңғар Алатауының адамды өзіне еріксіз ғашық ететін тұмса табиғатын тамашалап тұрғанымызда белгілі түрік қайраткері Тұрғыт Озалдың туризмді «түтінсіз фабрикамен» салыстырған бейнелі сөзі ойға орала берді. Осында бізді тау басындағы «жабайы» сырғанаққа «жедел жәрдем» көлігі алып шықты. Шетелде болса, мұндай жерлерге әлдеқашан фурникулер түсер еді. «Туризм!» деп «мен мұнда лап» тұрған сайларға, Бұрхан бұлағына, Ескен тауына, көргеннен көзакысын алатын шатқалдарға туристік соқпақтар апарар еді. Егер де шартпен инвестиция тартылып, үкімет тарапынан қомақты қаржы бөлімет.

Осындайда еске түседі: жарты жылдай уақыт бұрын ғой деймін, университетте бірге оқыған құрбым Мақпалдың аяқ астынан Алматыны тастап, отбасымен осы Текеліге көшіп кеткені. Шетелден білім тәлімдіріп келген күйеуі мегаполистің белгілі жоғары оқу орнындағы декандық жұмысын Текелідегі жаңа оқу орнындағы қызметке ауыстырған. Мақпал осы орайдағы үмітін әлгі университетпен үкілей отырып, бұл өлкенің саф ауасын, көркем табиғатын, қаланың болашағын бір кеш әңгімелеп, мені Текеліге ғашық қылып тастағаны есімде. Мұның өзі бізде де субурбанизация үдерісі басталғанын, бірақ көрші Ресейдегідей халықтың қаладан ауылға келуімен емес, үлкен қалалардан шағын қалаларға келіп қоныстануымен айқындалып отырғанын көрсетеді.

Қазіргі сияқтының болашағы – Текелі сияқты шағын қалаларда. Оларда ауылдың исі, соған сай ел жақтан соғар самал желдей ізгілік, инаттылық бар. Сонымен бірге мұндай шағын қалалар өркениеттің тынысымен де еркін тыныстайды. Осылайша, олар ауыл мен қаланың арасына ұнасымыз үлгі пішіп, еліміздің алдағы дамуына жаңадан тыныс беретіндей артықшылыққа ие.

Гүлмира АСЫЛБЕКҚЫЗЫ



ТЕКЕЛІ – ТУРИСТІК МЕКЕН

Жоғарыдағы пресс-турларды ұйымдастырған Алматы облысы әкімдігі жаңа жылдың беташар айларында назарын Текеліге тіктепті. Бұл жолғы сапарды ұйымдастырған талдықорғандық әріптесіміз – «Жетісу» радиосының директоры Есболат Айдосов.

Текелі қаласы Талдықорғаннан оңтүстік-шығысқа қарай қырық шақырым жерде, Жоңғар Алатауының терең қойнауында орналасқан. Теңіз деңгейінен мың-мыңжарым биіктікте жатыр. Жергілікті көнекөздерден білгеніміздей, қаланың аты сақалы тау самалы жетіпті, жақалама жартастардың ұшп басында секиіп тұратын таутекелерге орайлас қойылған Текелі өзенінен шыққан. Автобұстан түсіп, осы жердің топырағын алғаш басып тұрғанымызда әлгі бір жануар заманында түркі жұрты үшін бір тылсын кие болғаны, тіпті, еліміздің батысындағы қазіргі Орал қаласы бұрын Теке атанғаны ойға оралды. Онымен қоса-қабат жібесі нардай бақырған жауынгер жырау, киесі

Өйткені, «өзгенің қаңсығына таңсық болғанша», өзміздің «қолда бар алтынбаланың қадірін білсек» ұтпасақ, ұтылмасмыз анық.

«Қазақ журналистерінің Көлсайға сапарынан кейін Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова мен Экология, геология және табиғи ресурстар министрі Мағзұм Мырзағалиевтің қатысуымен «Көлсай көлдері» мемлекеттік ұлттық табиғи паркімен» бірлескен жұмыс туралы келісімге қол қойды.

«Біз әріптестерімізбен бірге Алтын адамды зиярат еткеннен кейін, Мемлекет басшысының қолдауымен басталған «Алтын адамның» әлем музейлеріне шеруінің аясында «Алтын адам» музейіндегі үлкен көрмелердің біріне қойылды. Қазақ журналистерінің ұйымдастыруымен өткен әрбір пресс-турдың осындай берекетті боп жатқанын атап көрсетсек артық емес деп ойлаймын», – дейді журналист Бауыржан Карипов.

Қазақ журналистерінің Алматы облысының көрікті жерлеріне жасаған сапарларының аясында «Шұғылалы өңірдің шежірелі тарихы» («Айқын» газеті), «Есікке

Әлқисса, адам ғұмыры мәңгілік кешу пайымымен парықтағанда жарқ еткен жасынмен барабар-ды. Көп өмірді «бір нәрсеге жетік болмай өкінішпен өткізбектің» қысқалау ұшы пенденің өзіне тиіп жатса да, шектеулі тірліктің пешенеге жазылып, құбылмалы тағдыр қалауынша пішетін шидем шекпені қаймана жұрт түгілі аузымен құс тістеген небір дәлділігі өзін де көп ретте құлашын кеңге серметпейтіні, адымын аштырмайтыны ақиқат қой... Мұндайда кісінің кісілігі «тәңір иіп, балақтан төбеге көтерілген» білімсіз, біліксіз, жақсылықты білмейтін имансыз, тойымсыз тобырдың төңірегіндегілерді ықтыруынан емес, «жеке батырлардың» түсі суық, бітімсіз болмыспен екеуара жекпе-жектерде мәртебесі басым болып, «майданға түсіп бәйге алғанынан» байқалады.

Осы азды-көпті тірлігімізде ұлылы-кішілі, жақсылы-жайсанды талай тарланбозды көз алдымыздан өткердік. Ойдың елегіне, сезімнің сүзгісіне сала келе, көбісі біртуар тұлғалар төңірегінде табылатын сол сайыпқырандардың қомақты шоғыры безбеннің бір басын басса, ал тәрбие-тәлімін беріп, ұлылардың ұлағатын санамызға сіңірген ұстаздарымыздың үркердей көші келесі басын теңестіретінін көрдім. Алыстағы ауылдан ию-қиюы мол қалаға алғаш рет шығып, үлкен өмірге тырнақалды, тұңғыш қадамын аттаған сарыауыз балапан мына біздерге әкеміздей, анамыздай болған Тауман Амандосовтың, Темірбек Қожақеевтің, Әбілфайыз Ыдырысовтың, Қабиджан Құсайыновтың, Тұрымтай Дүйсебаеваның риясыз қамқорлығы, адами ақыл-кеңесі абдан ағаш ме?! Осынау қамқорлық, абзал ағалар мен апалар сапына «мен саған өмір есігін ашып тұрмын» деп бауырына тартып, сенім артқан Михаил Есенәлиевті де енгізер едім.

...Жиырмасыншы ғасыр бүкіл адамзат баласына ұлы сын ұсынып, кеудесіне нан піскен талай жұртты тәубесіне келтірді, жер басып жүрген пенденің еңбегі мен өнбегін, адамшылығы мен аярылығын, сөзі мен ісін тарих таразысына тартқан, «жүзтің көзінен өткізген» ғарасат майданына айналды. Таразыға сондай-ақ аршынмен өлшеп, қадаққа салуға келмейтін тектілік пен тереңдік сынды қадір-қасиеттің түскені алмағайып заманның шыны мен сырының бір белгісіндей болса керек. Бұл тұста тілімізге тиек етіліп отырған ұстаздарымыз алдынан тағдыр адамзат атаулының қара нары ғана төтеп бере алатын, ердің ері ғана көтере алатын зілмауыр адами, рухани, тәни сынағын тосты. Отарлық биліктің халқымызды қолдан жасалған ашаршылыққа ұшыратуы, ұлт зиялыларын аяусыз қырып-жоюы қанды қасап Екінші дүниежүзілік соғысқа ұласып, қазағы селеудей селдірген қасиетті Арқа даласын тоғышар келімсектердің тағалы етігімен таптауы әсіресе сол кезгі саналы жас буынның жауапкершілік жүгін еселегені ақиқат. Осы буынның маңдайалды өкілдерінің бірі – ұстазымыз Әбілфайыз Ыдырысовтың бойындағы мейірім шуағын, парасат пен пайымды, жанашырлықты ел мен жер, ұрпақ алдындағы перзенттік парыз-борышын терең сезінуімен түсіндіруге болар.

Тектілік пен тереңдік... Бір қарағанда бір-бірінен қашықтау қонған осынау қос қасиет бір кісінің бойында тоғысуы сирек жолығысады. Текті мен жақсы қазақ ұғымында төркіндес болғанымен, тектің тамыры тереңде. «Жақсыдан жаман туса да, жаманнан жақсы туса да, тартпай бір қоймас тегіне». «Тегі жақсының тәлімі жақсы». Әбілфайыз ағай «Түпқияным» атты өмірбаяндық еңбегінде оқырманға ой тастай отырып, «...менің арғы түпқиянымда үлкен бір гөп, сыр бар сияқты» деп, беймәлім тарихқа жетелейді. Ол қандай сыр? Қандай құпия? Соған үңілейікші.

Ағамыз ата тегін таратқанда «... одан әрі-Әйдерке!» деп түйіндейді.

Енді осы арғы түпқияндағы гөп пен сырды өз әлімізше тарқатып көрелік. Әйдерке-орта жүз Арғын руы. «Арғынның кіші әйелінен тараған балалары туысқандарымен келіспей қалып Торғай жеріне көш аударады» деп шежіре шерткен ғұлама Мәшһүр Жүсіп оларды «кіші жүздегі арғындарға» жатқызады да Шақшақ, Сарыжетім

және Әйдерке сияқты руларға бөлінетінін айта кетеді. Тарих деректеріне сүйенсек, ұрпақтары ұлт өркениетіне сіңірген еңбегі елеулі осынау рулық-тайпалық бірлестіктің бастауындағы Арғын Аға-өмірде болған адам. Ежелгі дәстүрге сәйкес қазақта Арғын руының өкілдерін «аға баласы» дейді. Жанақ ақынның //Алашты Арғын Аға туған зерек//Қазақта ол кісінің жолы бөлек//Арғынның арғы атасы Қодан тайшы//Өлеңге бізден ұстын болса керек...// деген шумағы бар. Арғын Аға жөнінде ағылшын тіліндегі «Иран энциклопедиясының» («Encyclopedia Iranica») «ARĠŪN ĀQĀ» атты мақаласы осы өлеңде келтірілген деректерді растай түседі. Енді соған келейік. «Арғын Аға. Туған жылы белгісіз, өмірден өткен уақыты 1275 жылғы 17 маусым... Джувейнидің жазуынша моңғол әскерінің мыңбасы болған Тайчудың (/Қодан/ Тайшының, авт.) ұлы. Тумысынан зерек Арғын Аға ұйғыр жазуын жетік меңгеріп, бозбала кезінде Үгедей ханның хатшыларының (бітікшілерінің) хірі болады... Үгедей, Күйік, Мөңке хандардың тұсында империяның Әмудариядан бастап Анадолияға дейінгі бүкіл батыс өңірін билеген Арғын Аға бір сапарында Әзірбайжанға соғып, мұнда Папа миссиясымен келген доминикан Асцелинмен кездеседі. Оның көп ұлы болған, олардың ең белгілісі әскербасы Наурыз (Nowruz). Киракос Арғын Ағаны мұсылман болған, деп жазады». Арғын Ағаның империяны басқару ісіне араласып, билік айтқан жылдары түгіл күндері мен айлары да хатталып, қағаз бетіне түскен. Тарихи тұлға туралы Атамелик Джувейни, Киракос Гандзакци, Рашид ад-Дин сынды Алтын орда дәуірінің тарихшылары мол дерек қалдырған. Бүгінгі Батыс тарихнамасында да Арғын Ағаға көп көңіл бөлініп келеді [Қараңыз: J. A. Boyle, Camb. Hist. Iran V, pp. 337-40. B. Spuler, Mongolen3, pp. 40-53; On the name Arġūn, see P. Pelliot, Notes on Marco Polo, Paris, 1959-63, I, pp. 47-51. (P. Jackson)]. Сөйтсе де ісі қазақты әлемге танытқан Абай, Ахмет, Міржақып,



ТЕКТІ ДЕ ТЕРЕҢ ТҰЛҒА

Қаныш, Олжастардың арғы бабалары жөнінде отандық тарих ғылымы әлі күнге ләм-мим демей отыр.

Арғын Ағаның ұрпағы Ақжол бидің Өткірсопысынан тарайтын Елеместің Ермені Қазақ хандығының керегесін көтеріп, шаңырағын тіктеген тарихи тұлғалардың бірі. Осы Ерменнен Бөлтірік пен Шағыр тарайды. Бөлтіріктен Төлек. Кенесарының қолбасшыларының бірі Жәуке батыр, Алаш ардақтысы Ахметсапа Жүсіпов, сәулеткер Әбдісағит Тәтіғұлов, ғалым-журналист Жұмабек Кенжалин осы Төлек ұрпақтары. Шағырдың Аманжолынан Шақшақ Жәнібек, Ахмет Байтұрсынұлы, Ахмет Бірімжанов тараса, Сомжүрегінің Әйдеркесінен Алаш ардақтысы Кәрім Токтабаев, ағайынды Ғафу Қайырбеков пен Марат Барманқұлов және Әбілфайыз Ыдырысов, Саржетімен Міржақып Дулатов, Спандияр Көбеев, Ілияс Омаров, Ерік Асанбаев туады.

Арғын Аға ұрпақтары Шақшақ Жәнібек, Әйдерке Мерген (Теңізбай) Бабасұлы, Саржетім Қарабалуан Жәнібек Алдиярұлы Түркістанда жерленген. Ахаң, Ахмет Байтұрсынұлы: //Қарабалуан, Жәнібек//Қаздаулы: Қазыбаев//Тұлға болып артына//Жетім қалған халқына//Бір тиянақ қазық ед//, – деген екен.

Бабадан балаға берілген асыл тектің ағамыз айтқан бір үзік сыры осы болса керек-ті. Бұл сөзімізді ағайын бел баласы, егемен ел дипломатиялық қызметінің іргетасын қалаушылардың бірі, Қазақстанның Ұлыбританияның Төтенше және өкілетті елшісі Ерлан Ыдырысовтың жемісті мемлекеттік, қоғамдық қызметі қуаттай түседі.

«Боз тұлпардың құлыны қылаң болмаса да төбел ғады», «Ер туған жеріне» деген туйы, «Әбілфайыз ағай мағыналы ғұмырында өмірге келіп, кіндік кескен жері-Торғайдан қол үзген жоқ. Ұлылардың есімін атауға қатаң тиым салынған кеңес кезеңінде ұстазы, ұлтжанды профессор Бейсенбай Кенжебаев бірде шәкіртіне «Е, Торғай елінен екенсің ғой. Ол қасиетті жер ғой, ұлылар, батырлар... Ыбырай Алтынсарин, одан басқа да қазақтың әйгілі

ардагерлері шыққан... Сен Ахаң мен Жақаң асылдарымыздың туысқаны болдың ғой... Мен өздеріңе айттып жүрген Есенжол, Сейдахмет, Құбаша, Әбіқай, Күдері деген ақындар Ахметке ұстаз болған. Ахмет-ұлтмыздың ұстазы... Ол кісілер жайлы енді ешкімге тіс жарма. Заман бүйтіп кете бермес, ол арыстар ақталар күн де туар бір кезде» деп қаймана қазаққа аша бермейтін сырын жайып салады. Ғалым Әбілфайыз Ыдырысов ағалары-ұлт ұстаздарының ағартушылық дәстүріне адал болды. Ол газет безендіру, баспа ісі технологиясы сияқты қиын да қызықты саланың негізін қалады. «Лениншіл жас», «Қазақстан пионері» газеттерінің жауапты хатшысы, редакторы болған ғалым-ұстаздың әр жылдары басылып шыққан «Газетті безендіру сыры», «Фототері», «Полиграфия өндірісі негіздері», «Редактор мен корректорға көмекші құрал» сияқты оқулықтары мен оқу құралдары күні бүгінге дейін сұранысқа ие. Бір қызығы соңғы «Редактор мен корректорға көмекші құрал» оқулығын ағасы, Шақшақ Жәнібектің ұрпағы, байырғы баспагер Әбдірашид Бектемісов екеуі жазып шықты.

Ұстаз хақында оның жанына жақын шәкіртінен артық кім айта алсын?! Белгілі жазушы, егемен еліміздің баспа ісінің қаз тұруына көп еңбек сіңірген Серік Әбдірайымов «үлкен жүректі ұстазын Әбаған жиырмасыншы ғасырдың елуінші жылдары қазақ әдебиеті мен журналистикасына қосылған Кәкімжан Қазыбаев, Сапар Байжанов, Баянжан Мәдиев, Ұзақ Бағаев, Спатбек Төребеков, Қайыркен Сағындықов, Мұқан Мамажанов, Бекежан Тілегенов, Тельман Жанұзақов, Бекмырза Баймаханов, Хайдолла Тілемісов, Шерхан Мұртаза, Сейдахмет Бердіқұлов, Әбілмәжін Жұмабаев, Шерияздан Елеуенов, Темірбек Қожақеев, Камал Смайылов және басқа жаңа, жас толқын өкілдерімен біте қайнасып, журналистиканың ыстық-суығын бірге көріп, ауырталығын бірге көтерді» деп жазды. Секеңнің ұстазына берген сипаттамалары оның бүкіл бітім-

болмысын айқындап тұрғандай. «Әбаған қасиетті қара шаңырақ осы күнгі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистикасын тәмамдаған алғашқы түлектердің бірі. Шу дегеннен қоғам өміріне білек сыбана араласты. Адам тағдырына жанашыр болды. Болашақ ұрпақ тәрбиесі үшін күресті». «Әбаған – ғалым, іргесі бекімей, қабырғасы қаланбай, уығы шаншылмай, шаңырағы көтерілмей жатқан журналистика ғылымы бар дегенді іспен дәлелдеп, соның тарихына тұңғыш тереңдеп барған және осы салада талай бұлақтың көзін ашып, ғылым жолына салған ұстаз». «Әбаған-газет-журналда қызмет істеп шыңдалған журналист, алпысыншы жылдарда Қазақ университетінің өз алдына отау тігіп шыққан журналистика факультетіне әрі практик, әрі қаламының желі бар, әрі ғылымда өз қолтаңбасын танытқан, әрі педагогтік табиғаты келіскен азамат ауадай қажет еді. Әбаған осы университетте аға оқытушылықтан профессорлыққа дейін қиындығы мен қуанышы қатқабат ұстаздық жолдан өтті. Бірнеше оқулықтың авторы».

Бұдан он жыл бұрын «Өнегелі өмір» сериясымен «Әбілфайыз Ыдырысов» жинағы жарық көрген болатын. Бұл кітаптан осы жолдар авторының «Алтынның сынығы немесе ұстаз туралы ой» деген мақаласы да орын алғанды. Серік Әбдірайымов ағамыздың сөзін ұластыра келе, былай деп жазыпты: «Еліміздің рухани, әлеуметтік-мәдени өміріне белсене ат салысып жүрген бүгінгі ақпарат майданы қайраткерлерінің барлығы дерлік Әбілфайыз ағайдың тәрбиесін көрген десем, ақиқаттан онша алыс кете қоймаспын. Солардың өзін жақсы білетін бірнешеуіне тоқтала кеткенді жөн көріп отырмын. Ағайдың үздік шәкірттері атанып, макектің «майын ішкен» Ертай Айғалиұлы мен Сапарбай Парманқұлов белді басылымдардың тізгінін ұстады. Ұстазымыздың очерк бойынша өткізген арнайы курсында ізденушілік баспалдақтарынан өткен Рахима Нүриден мен Роза Алтынбекова шетелдік журналистика және жанр теориясы бойынша филология ғылымынан кандидаттық диссертация қорынып, доцент, профессор атанды, кафедра меңгерушісі болды. Ал, ағамыз қоғамдық жұмыстарға «жеккен» торғайлық інілері, марқұм Жүнісбек Сұлтанмұратов пен Оразалы Смағанбетов Президент аппаратында жоғары лауазымды мемлекеттік қызмет атқарды». Бүгінде баспагерлер Балжан Хабдина мен Баян Болатханова, тележурналист Қалыбек Ажжан, газетшілер Шолпан Ұғыбаева, Бегәділ Сәдібеков, Суханберді Оразалиев, қоғаммен байланыс қызметкері Светлана Қайырғалиева әлі де тұғырдан түскен жоқ.

Ұлағатты ұстаз Ә.Ыдырысовтан білім алған көптеген шәкірттері республикамыздың белді басылымдары мен телеарналарында жемісті еңбек етіп жүр.

«Ұстазы жақсының – ұстанымы жақсы». Ыдырысовтай ұстаздың алдын көрген біздер бойымыздағы жақсылық, жетістік атаулыны ұлы ұрпақ шоғырындағы осынау біртуар тұлғаның ағарту өнегесімен ұштастырамыз. Тынымсыз тірлік кешуде оның тәлімі мен тәрбиесін ілгері ұластырудамыз.

Жетпісбай БЕКБОЛАТҰЛЫ,
әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ профессоры,
Қазақстан білім беру ісінің
құрметті қызметкері

ЖІГІТСІҢ СЕН ЖАНЫ ЖОМАРТ, ИЫҚТЫ

*Ғабит Аймұқанұлы Досанов 60 жасқа
толғанда шашылған жыр-шашу*

*Жаратқанның пендесіне
берілген үлкен сыйы - оның
артында қалатын жақсы
аты, мейірімділігі мен
қарапайымдылығы*

Сағди

I

Қүзіреті күшті өмірімен Алланың,
Алысқа келдің қай қиырға бармадың?
Димашың мен Рұстамыңның қамы үшін,
Қыран құс боп қалықтадың, самғадың.

Димаш, Рұстам Алла берген бақытың,
Келіндерің Әлия, Динара жақұтың.
Алла берген алтын немере: Адия, Тиара,
Алсара, Алидар, Алдияр, Рания, Айлана,
Шанырақтағы шаттық пенен бак-құтың.

II

Тұрсын сен алты асу асқарыңда,
Ойлаған кездерің жоқ бас қамыңда.
Төңіректі шолдың сен қыран болып.
Қазақтың аппақ, ашық аспаныңда.

Жігітсің сен жаны жомарт, иықты,
Нүрекеннің құдасысың сүйікті.
Еңбегіңмен қызмет етіп еліңе,
Бағындыра бер алда талай биікті.

Димашым бәріміздің мақтанымыз,
Арайлап ата берсін ақ таңымыз.

Дейді Алла:
«Бақыт бердім баға жетпес,
Алайда тіл мен көзден сақтаныңыз».

III

Алпысың аман жеткен құтты болсын,
Денсаулығың болаттай мықты болсын,
Халыққа аузыңнан жырып берер,
Бизнесің гүлдесін, сүтті болсын.

Алпысты атап өтіп, жетпіске жет,
Сексенменен тоқсанға да тоқтамай,
Жан жарың – Жаннанды қолтықтап ап,
Бақыттан бас айналып, жүзге де жет!

Ғабит жүзден асыпты деп ән салайық,
Кермиық, көркем көркіңе тамсанайық.
«Қазақстанда өркениет гүлдеді» деп,
Шаттанып, жер жүзіне жар салайық.

IV

Сәуле шашсын аппақ, самал ажарың,
Нұрын төксің мейірімі мол назарың.
Баянды болсын Алла берген бақытың,
Тарқамасын қуаныш, бақыт базарың!

Жырып өттің қиындықтың нар қамысың,
Талай жұмыс атқардың ел қамы үшін.
Жасай бер елің үшін, біз үшін де,
Соңымнан ерген бауырым - жолбарысым!

V

Көтеріскен жүктің ауырын,
Тағдырдың жауын, дауылың.
Ғабитім менің жасай бер,
Тілекшің –
Сәбит бауырың.

Алматы.
Ақпан, 2020 жыл.



МЕРЕКЕ БЕРЕКЕГЕ ҰЛАССЫН!

**Белгілі кәсіпкер, абыройлы азамат,
ел ағасы, «АҚТАН» ЖШС Бас директоры
Ғабит ДОСАНОВ мырзаға**

Қадірлі Ғабит Аймұқанұлы!

Сізді асқар бел асу Алпыс жасқа толған мерей-
тойыңызбен құттықтаймыз! Еңбекте табыс тілеп,
шаңырағыңызда шаттық шалқи берсін дейміз!

Алаш көсемдері Ахмет Байтұрсынұлы мен
Міржақып Дулатұлы туған қасиетті хәм тарихи
Торғай өңірінде туып-өскеніңіз ұлттық ұста-
нымыңызды айқындауға зор үлес қосты.

Отызда орда бұздыңыз, қырықта камал алып,
елуде ел ағасы бола білдіңіз. Ал көрнекті жазушы
Шерхан Мұртаза: «Алпыс – тал тұс» деген екен.
Сіз еңегелі өміріңіздегі тал түсіңізге табыспен
жетіп отырсыз. Асыл жарыңыз Жанна екеуіңіз ал-
тын асықтай айдарлы ұлдарыңыз Димаш пен Ру-
стамды тәрбиелеп өсіріп, инабатты келіндеріңіз
Әлия мен Динарадан сүйікті немерелер сүйіп
отырсыздар. Туған жердің тұлғалы перзенті
және «Ақтан» компаниясының басшысы ретінде
Қостанай облысы Амангелді ауданына қаншама
рет қаржылай-материалдық көмек беріп келесіз.
Бұл Сіздің үлкен жүректі, кең пейілді, перзенттік
парызға адал азаматтық патриоттығыңызды
айқын білдіреді.

Құрметті Ғабит Аймұқанұлы!

Сізді мерейтойыңыз қарсаңында «Ақ
жол» партиясы мен Қазақстан тарихшыла-
ры қауымдастығы бірлесіп бекіткен «Қазақ
хандығына 550 жыл» мерекелік медалымен мара-
паттап отырмыз.

Сізге зор денсаулық, мол бақыт және Мере-
кеңіздің Берекеге ұласуын тілейміз!

Азат ПЕРУАШЕВ,
«Ақ жол» партиясы төрағасы,
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты
29 ақпан, 2020 жыл



АЛПЫС ДЕГЕН АСҚАР БЕЛ КЕЛДІ АСУЫҢ!

Ғабит Досановқа

Тұлғасына қарасаң батыр дерсің,
Жырласына қарасаң ақын дерсің.
Ақыл, қайрат, парасат қосылған соң,
Бір басына қарасаң хакім дерсің!

Туған жерден Алаштың көсемдері,
Қырандайын қияға неше өрледі!
Ғабиттерге лайық есімменен,
Сәбиттерге інісің осы елдегі.

Көңілің кең, сөзіңнің жылу бәрі,
Жүрегіңді жұртың да ұғуда әлі,
Бірге барып Бішкекте жатқан кезде,
Ғашық болды қырғыздың сұлулары.

Алпыс деген асқар бел келді асуың,
Алшы түсе берсін дос, енді асығың!
Ардақтайды әрдайым ел де асылың –
Құда болдың өзімен Елбасының!

Шабыттансаң шалқуың шақта басым,
Шайыр болып кетуге шақ қаласың...

Патша қызы сәлем сап, шәй құйғанда,
Ақ батасын атаның ақтарасың!

29-ы артады сіздегі екпін –
Төрт жылда бір келетін ізгі ерек күн!
Ақ тілегін айтамыз біз де көптің.
Алла қолдап, Жұлдызың жарқырасын,
Жүзін жарқын күйінде Жүзге жеткің!

Қазыбек ИСА

ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ - «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:

1 ай	қала	379,24	3 ай	қала	1137,72	6 ай	қала	2275,44	12 ай	қала	4550,88
1 ай	ауыл/аудан	397,86	3 ай	ауыл/аудан	1193,58	6 ай	ауыл/аудан	2387,16	12 ай	ауыл/аудан	4774,32

Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС
ҚАЗАҚ ҮНІ
Президент –
Редакторлар кеңесінің төрағасы –
Қазыбек ИСА

Бас редактор – Құлтөлеу МҰҚАШ

Бас редактордың бірінші орынбасары –

Зейнолла АБАЖАН

Бас редактордың орынбасары –

Азамат ТАСҚАРАУЛЫ

Жауапты хатшы – Гүлмира САДЫҚ

Бөлім редакторлары:

Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)

Айнұр АХМЕТ (мәдениет)

Нұржан АСАН (көркемдеуші)

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:

Астана тілшілер қосыны:

Азамат ТАСҚАРАУЛЫ

(8-702-931-89-86)

Жасұлан ИСА

(8-776-120-19-72)

Ақмола облысы:

Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)

Арқалық қаласы:

Нұрсұлтан НҰРМАН

(8-702-688-84-87)

Алматы облысы:

Айтақын БҰЛҒАҚ (8-702-239-62-99)

Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)

Мырзағали НҰРСЕЙІТ (8-701-771-6496)

Қанат БІРЖАНСАЛ (8-775-323-0850)

Батыс Қазақстан облысы:

Қажымұқан ҒАБДОЛЛА

(8-701-111-61-05)

Жезқазған қаласы:

Жанат АСАНҚАЛИ

(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)

Сәтбаев қаласы:

Абдолла ДАСТАН

(8-71063) 7-20-97, 8-777-302-46-79)

Қарағанды облысы:

Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)

Қостанай облысы:

Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)

Семей қаласы:

Рахат АЛТАЙ

(8-775-998-15-39)

Маңғыстау облысы:

Сағындық РЗАХМЕТ (8-775-379-84-88)

Түркістан облысы:

Әбдіғалпар АЙДАР

(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)

Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)

Түркістан қаласы:

Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)

Атқарушы директор –

Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН

Тарату бөлімі:

Астанада:

Жасұлан ИСА

(8-776-120-19-72)

Шымкентте:

Мүтән ИСМАЙЫЛ (8-701-692-1340),

Астанада «Алты Алаш» (87015728847)

дүңгіршіктерінде сатылады

Газет ҚР Мәдениет және Ақпарат

министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген.

Күәлік №13976-Г (Алғашқы күәлік

№1270-Г, 01. 08. 2000 жыл).

Автордың пікірі мен редакция көзқа-

расы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз.

Қолжазбалар өңделеді және қайта-

рылмайды.

Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап

береді.

Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жа-

салуды шарт.

Газетте «Қазақпараттың» материалдары

пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер

орталығында беттелді

АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

Редакцияның мекен-жайы:

050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3

ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй

Байланыс телефоны:

8 (727) 398-57-31

E-mail: qazaquni2000@gmail.com

www.qazaquni.kz

Кезекші редактор –

Гүлмира САДЫҚ

ТОО «Қазақ үні»

БИН 000540006784

ИИК KZ508560000000385541

АГФ АО «БанкЦентрКредит»

г. Алматы, БИК КСВКЗКХ, Кбе 17

Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында

басылды. Алматы қ., С. Мұқанов к., 223 б.

Көлемі: 6 баспа табақ

Ⓐ – материалдың жариялану ақысы төленген